Мақалада 6-сынып оқушыларының ауызша сөйлеу дағдыларын қалыптастырудағы интерактивтік әдістердің маңызы қарастырылады. Оқытудың заманауи тәсілдері оқушылардың коммуникативтік құзыреттілігін арттырудағы тиімділігі тұрғысынан ғылыми талданып, нақты практикалық мысалдармен негізделеді. Зерттеу нәтижесі көрсеткендей, диалогтық оқыту мен топтық жұмыстар оқушы белсенділігін оятып, сөйлеу мәдениетін жүйелі дамытуға, ойын еркін жеткізуге және тілдік кедергілерді жоюға тікелей ықпал қарастырылады.

Түйін сөздер: интерактивті әдістер, ауызша сөйлеу, коммуникативтік құзыреттілік, сөздік қор, аргументтеу, еркін сөйлеу, оқушы белсенділігі.

Қазіргі білім беру жүйесінің басты нысаны – өз ойын еркін, жүйелі және дәлелді түрде жеткізе алатын функционалды сауатты тұлға қалыптастыру. 6-сынып оқушыларының психологиялық даму ерекшеліктері олардың қарым-қатынасқа, әлеуметтік ортада өзін көрсетуге деген ұмтылысымен сипатталады. Алайда, тәжірибе көрсеткендей, көптеген оқушыларда ауызша сөйлеу барысында «тілдік кедергілер», сөздік қордың аздығы және ойын жинақтай алмау мәселелері кездеседі. Осы орайда интерактивті әдістерді оқу процесіне енгізу – заман талабы.

Білім беру үдерісінде дәстүрлі әдістермен қатар интерактивтік оқыту тәсілдерін қолдану қажеттілігі артып келеді. Интерактивтік әдістер оқушыны белсенді қатысушы ретінде қарастырып, оның сөйлеу, пікір білдіру, талдау жасау дағдыларын дамытады. Мақсаты – 6-сынып оқушыларының ауызша сөйлеу дағдыларын қалыптастыруда интерактивтік әдістердің тиімділігін анықтау.

Міндеттері: сөйлеу дағдыларының мәнін анықтау; интерактивтік әдістердің теориялық негізін қарастыру; олардың практикалық тиімділігін талдау; нақты сабақ үлгілері арқылы дәлелдеу.

Ауызша сөйлеу – тілдік қатынастың негізгі формасы. Ол тек сөздік қорды емес, сонымен қатар ойлау, талдау, жүйелеу қабілеттерін қамтиды.

Педагог-ғалымдардың пікірінше, интерактивтік әдістер оқушылардың белсенділігін арттырады, өз ойын еркін жеткізуге үйретеді, топтық жұмысқа бейімдейді [1, 8 б.].

Интерактивтік әдістердің басты артықшылығы – оқушыны дайын ақпаратты қабылдаушы емес, білімді өзі құрастырушы тұлға ретінде қалыптастыруында. Бұл әсіресе сөйлеу дағдыларын дамытуда аса маңызды, себебі сөйлеу – тек жаттығу емес, тәжірибе арқылы қалыптасатын қабілет.

А.Байтұрсынұлы: «Сөздің ең асылы – қисынды сөз, ең қымбаты – мағыналы сөз» – дейді [2, 35 б.]. Бұл пікір интерактивті оқытудың негізгі мақсатымен үндес. Интерактивті әдістер оқушыны жай сөйлеуге емес, «қисынды» (логикалық) және «мағыналы» (мазмұнды) сөйлеуге баулиды. Оқушы диалог кезінде өз ойын дәлелдеу үшін тілдік құралдарды сұрыптап қолдануды үйренеді.

Ж.Аймауытовтың пікірінше: «Сабақ беру – үйреншікті жай ғана шеберлік емес, ол – жаңадан жаңаны табатын өнер» [3, 62 б.]. Бұл пікір интерактивті әдістердің мәнін терең ашып көрсетеді. Себебі қазіргі білім беру үдерісінде мұғалім тек ақпарат жеткізуші емес, оқушының танымдық әрекетін ұйымдастырушы, бағыттаушы тұлға болып табылады.

Интерактивті әдістерді қолдану барысында мұғалім әр сабақты шығармашылықпен ұйымдастырып, оқушыны дайын білімді қабылдауға емес, оны өз бетімен ізденіп табуға жетелейді.

Интерактивті оқыту – бұл жай ғана ойын емес, бұл оқушы мен оқушының, оқушы мен мұғалімнің өзара әрекеттесуі. Сөйлеу дағдыларын дамытуда б-сыныпқа қатысты мынадай әдістер ерекше нәтиже береді:

«Пікірсайыс (Дебат)» элементтері. Оқушыларды екі топқа бөліп, бір мәселенің оң және теріс жақтарын дәлелдеуге бағыттау. Бұл оқушының логикалық ойлауын және өзгенің пікіріне қарсы уәж айту мәдениетін қалыптастырады. Мысал үшін «Мектептегі үзілісте смартфон қолдану дұрыс па?» деген тақырыпты алайық.

А тобы (Жақтаушылар): «Смартфон – білім көзі. Біз үзілісте электронды кітап оқимыз немесе келесі сабаққа ақпарат іздейміз».

Ә тобы (Даттаушылар): «Үзіліс – демалыс уақыты. Телефон көзді шаршатады, одан да құрбыларымызбен қарым-қатынас жасаған пайдалы».

Нәтиже: Оқушы «Менің ойымша...» дегеннен гөрі, «Сіздің пікіріңізге қосылмаймын, себебі...» деп сыпайы уәж айтуды үйренеді.

«Рөлдік ойындар»: Өмірлік жағдаяттарды (дүкенде, кітапханада, сұхбат кезінде) сахналау. Бұл әдіс «тілдік кедергіні» жоюға көмектеседі.

«INSERT» немесе «Түртіп алу» әдісі. Мәтінмен жұмыс істеу барысында оқушының талдау жасап, өз ойын білдіруіне жағдай жасайды. Мысал ретінде

«Табиғатты қорғау» тақырыбында мәтінімен жұмысты алайық. Оқушы мәтін жиегіне белгі қояды:

«V» (білемін): «Қазақстанда «Қызыл кітап» бар екенін білемін».

«+» (жаңа ақпарат): «Елімізде 10 мемлекеттік қорық бар екен».

«?» (сұрағым бар): «Неліктен кейбір жануарлар жойылып барады?»

Нәтиже: Мәтінді жай оқып шықпай, әр сөйлемге өз көзқарасын білдіріп, соны ауызша айтып беруге машықтанады.

«Аквариум» әдісі. Оқушылардың бір тобы тақырыпты талқылайды, ал екінші тобы олардың сөйлеу мәнерін, аргументтерін сырттай бақылап, кейін баға береді.

Интерактивті әдістердің тиімділігін анықтау үшін келесі критерийлерді негізге алу қажет.

Критерийлер	Сипаттамасы
Ойдың жүйелілігі	Сөйлемдердің қисынды байланысуы және негізгі ойдан ауытқымау.
Сөздік қордың байлығы	Синонимдерді, фразеологизмдерді және терминдерді орынды қолдану.
Аргументтеу қабілеті	Өз пікірін «себебі...», «мысалы...», «қорыта айтқанда...» деген құрылымдармен дәлелдей алуы.
Эмоционалдық-экспрессивтілік	Дауыс ырғағын, интонацияны және ым-ишараны орынды пайдалану.

Ауызша сөйлеу дағдыларын бағалауда берілген критерийлер өте маңызды және өзара тығыз байланысты. Біріншіден, ойдың жүйелілігі – сөйлеудің негізі, себебі оқушы ойын ретімен жеткізбесе, тыңдаушыға түсініксіз болады. Екіншіден, сөздік қордың байлығы сөйлеуді көркем әрі әсерлі етеді, мысалы, синонимдер мен тұрақты тіркестерді қолдану арқылы оқушы өз ойын нақтырақ жеткізе алады.

Сонымен қатар аргументтеу қабілеті де маңызды, себебі оқушы тек пікір айтып қана қоймай, оны дәлелдеуі тиіс. Мысалы, «менің ойымша...» деп бастап, «себебі...» арқылы түсіндіріп, «қорыта айтқанда...» деп аяқтау – дұрыс сөйлеу құрылымы.

Тағы бір маңызды аспект – эмоционалдық-экспрессивтілік. Себебі дауыс ырғағы мен ым-ишара сөйлеуді жандандырып, тыңдаушының қызығушылығын арттырады. Осы критерийлерді жүйелі түрде дамыту оқушының тек тілдік қабілетін ғана емес, оның еркін, сенімді және мәдениетті сөйлеуін қалыптастырады.

6-сынып оқушылары үшін «қателесуден қорқу» сезімі басым болады. Интерактивті әдістердің маңыздылығы сол – мұнда «қате жауап» деген ұғым емес, «өзіндік көзқарас» деген ұғым алға шығады.

«Қателік жіберуден қорықпайтын орта қалыптасқанда ғана баланың ішкі әлеуеті ашылып, еркін сөйлеуге деген құштарлығы оянады».

Мұндай ортада мұғалімнің қолдауы ерекше рөл атқарады: ол оқушыны сынаушы емес, бағыттаушы, ынталандырушы тұлғаға айналады. Нәтижесінде

оқушылар арасында сенім мен өзара құрмет қалыптасып, олар бір-бірінің пікірін тыңдауға және қабылдауға үйренеді.

Интерактивті әдістер оқушылардың танымдық белсенділігін арттырып, шығармашылық ойлауын дамытады. Олар түрлі жағдаяттарда шешім қабылдауға, өз ойын дәлелдеуге, сұрақ қоя білуге дағдыланады. Бұл тек тілдік дағдыларды ғана емес, өмірлік маңызды қабілеттерді де қалыптастырады.

Интерактивті оқытудың нәтижесінде оқушының коммуникативтік құзыреттілігі артып, ол тек мектеп қабырғасында емес, күнделікті өмірде де өз ойын анық, сенімді жеткізе алатын, әлеуметтік ортада белсенді әрекет ететін тұлға болып қалыптасады.

Қорытындылай келе, 6-сынып оқушыларының ауызша сөйлеу дағдыларын интерактивті әдістер арқылы дамыту олардың тек тілдік емес, әлеуметтік-коммуникативтік деңгейін де айтарлықтай көтереді. Зерттеу барысында анықталғандай, оқушылар топтық жұмыс кезінде бірін-бірі тыңдауды, сыни ойлауды, өз ойын жүйелі жеткізуді және этикалық нормаларды сақтай отырып өз пікірін дәлелдеуді үйренеді. Сонымен қатар интерактивті тапсырмалар оқушылардың белсенділігін арттырып, оқу процесіне деген қызығушылығын күшейтеді.

Интерактивті әдістер (дебат, рөлдік ойындар, пікірталас, «миға шабуыл» сияқты тәсілдер) оқушылардың еркін сөйлеуіне жағдай жасап, олардың сөздік қорын байытады, тілдік кедергілерін азайтады. Мұндай ортада оқушы өзін қауіпсіз сезініп, қателесуден қорықпай, тілдік тәжірибе жинақтайды. Нәтижесінде оқушылардың коммуникативтік құзыреттілігі қалыптасып, өз ойын нақты әрі сенімді жеткізу қабілеті дамиды. Бұл әдістер оқушылардың тұлғалық дамуына да оң әсер етеді: жауапкершілік, көшбасшылық, өзгенің пікіріне құрметпен қарау, топта жұмыс істей білу дағдылары қалыптасады. Интерактивті оқыту арқылы білім алушылар тек білімді қабылдаушы емес, оны белсенді түрде құрастырушы тұлғаға айналады.

Осылайша, интерактивті әдістерді жүйелі әрі мақсатты түрде қолдану білім сапасын арттырудың, оқушылардың жан-жақты дамуын қамтамасыз етудің және заманауи білім беру талаптарына сай тұлға қалыптастырудың маңызды кепілі болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер

- 1 Жанпейісова М.М. Модульдік оқыту технологиясы оқушыны дамыту құралы ретінде. – Алматы, 2002.
- 2 Байтұрсынұлы А. Тіл тағылымы. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 448 б.
- 3 Аймауытов Ж. Тәрбиеге жетекші. – Алматы, 1991. – 186 б.

ҒТАМР 16.21.61

СЫПАЙЫЛЫҚ КАТЕГОРИЯСЫНЫҢ ПРАГМАТИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ДИСКУРСТЫҚ АСПЕКТІСІ

Д.Н. Муса

Магистрант, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы қ.

Бұл мақалада қазақ тіліндегі сыпайылық категориясының прагматикалық және дискурстық аспектілері жан-жақты зерттеледі. Мақаланың басты мақсаты – сыпайылық категориясының тілдік табиғатын, оның коммуникативтік үдерісте атқаратын қызметін және дискурстық контексте іске асу механизмдерін анықтау. Мақалада сыпайылық тек тілдік этикет формаларының жиынтығы емес, адресант пен адресат арасындағы өзара әрекетті реттейтін, әлеуметтік, мәдени және психологиялық факторлармен тығыз байланыстағы күрделі прагматикалық құбылыс ретінде қарастырылады. Зерттеу барысында сыпайылықтың динамикалық сипаты, қатысушылардың әлеуметтік мәртебесі мен коммуникативтік жағдаятқа тәуелді өзгеруі, сондай-ақ тілдік бірліктердің мақсатқа сай таңдалуы және адресатқа әсер ету ерекшеліктері жан-жақты сараланады.

Түйін сөздер: сыпайылық категориясы, прагматика, дискурс, коммуникативтік әрекет, тілдік этикет, сөйлеу стратегиясы, ұлттық-мәдени ерекшелік, интерпретация.

Қазіргі қазақ тіл білімінде сыпайылық категориясы адамның коммуникативтік әрекетімен, әлеуметтік қатынастар жүйесімен және мәдени құндылықтарымен тығыз сабақтастықта қарастырылатын көпқырлы ғылыми ұғымдардың бірі. Ең алдымен, сыпайылық категориясы адамның мінез-құлқының сыртқы көріністерімен байланысты болып, оның сөйлеу мәнері, өзін-өзі ұстауы және қарым-қатынас жасау тәсілдері арқылы айқындалады. Сонымен қатар, ол тек сыртқы формамен шектелмей, адресатқа деген ізгі ниет, құрмет пен ілтипаттың көрінісі ретінде танылатын әлеуметтік-мәдени категория. Осы тұрғыдан алғанда, сыпайылық категориясы қоғамның әлеуметтік-мәдени ұйымдасуымен анықталатын, сөйлеуші мен тыңдаушы арасындағы тұлғааралық қатынастарды реттейтін күрделі құбылыс ретінде сипатталады [1, 76].

Сыпайылық категориясының табиғатын айқындауда оның динамикалық және контекстуалды сипаты ерекше мәнге ие болады. Яғни, сыпайылық формалары дербес, тұйықталған жүйе ретінде емес, тарихи кезеңге, әлеуметтік мәртебеге, қатысым жағдаятына байланысты өзгеріп отыратын құбылыс ретінде қарастырылады. Ресми және бейресми қарым-қатынас жағдайларында қолданылатын тілдік құралдардың әртүрлілігі осының айқын дәлелі [2, 9]. Бұл ерекшелік сыпайылықтың прагматикалық аспектісін көрсетеді, себебі тілдік бірліктер нақты коммуникативтік мақсатқа сәйкес таңдалып, адресаттың әлеуметтік статусы мен арақатынасына қарай іріктеледі.

Дискурста және мәдениетаралық коммуникация шеңберінде сыпайылық категориясы әмбебап және ұлттық-мәдени ерекшеліктердің тоғысында қарастырылады. Сыпайылық, құрмет, сыйластық, ықылас сияқты ұғымдар барлық мәдениеттерде кездескенімен, олардың тілдік және дискурстық көріністері әртүрлі сипатқа ие. Әсіресе, бір-бірімен жақын таныс емес адамдар арасындағы қарым-қатынаста әлеуметтік қашықтық айқын байқалып, сөйлеу формалары формальдылықпен және сақтықпен сипатталады. Мұндай жағдайда сөйлеуші өз ойын тікелей емес, жанама түрде жеткізіп, әңгіме барысында жұмсарту, астарлау сияқты дискурстық тәсілдерді қолданады [3, 310]. Бұл сыпайылықтың дискурстық аспектісін, яғни оның нақты қарым-қатынас үдерісінде жүзеге асу механизмдерін көрсетеді. Осыған байланысты ұлттық мәдени танымымызда сыпайылықтың басты көрсеткіштерінің бірі – үлкенді құрметтеу, кішіге ізет білдіру қағидасы. Ғалым Д.А. Әлкебаева көрсеткендей, жасы үлкен адамға және таныс емес адамға қарым-қатынас барысында арнайы сыпайылық формулаларының «рұқсат етіңіз», «мүмкін болса», «мархабат етіңіз», «ренжімесеніз» және т.б. қолданылуы сөйлеу әдебінің маңызды элементі ретінде сипатталады [4, 110]. Мұндай тілдік бірліктер коммуникативтік актіде адресатқа деген құрметті білдіріп қана қоймай, қарым-қатынастың үйлесімді өтуіне ықпал етеді. Ал әдеп нормаларының бұзылуы, яғни дөрекі сөздер мен орынсыз әрекеттер, қоғам тарапынан теріс бағаланып, мәдени нормадан ауытқу ретінде қарастырылады.

Сыпайылық категориясын ғылыми тұрғыдан жүйелі зерттеу шетелдік тіл білімінде кеңінен дамыған. Атап айтқанда, П. Браун мен С. Левинсонның сыпайылық теориясы бұл бағыттағы іргелі зерттеулердің бірі. Аталған ғалымдар сыпайылықты «бет» ұғымымен байланыстыра отырып, адамның әлеуметтік беделін сақтау мен қорғауға бағытталған тілдік стратегиялар жүйесі ретінде қарастырады. Сонымен қатар, Дж. Личтің сыпайылық принципі сөйлеу актілеріндегі әдептілік нормаларын прагматикалық тұрғыдан түсіндіруге негіз болады. Бұл теориялар сыпайылықтың әмбебап қырларын айқындаумен қатар, оның мәдениетке тәуелді ерекшеліктерін де көрсетуге мүмкіндік береді.

Қазақ тіл білімінде сыпайылық мәселесі сөйлеу әдебі ұғымымен, бейвербалды амалмен сабақтастықта қарастырылады. Ғалым Н.М. Уәлиевтің еңбектерінде сөйлеу әдебі ойды жеткізу барысындағы тілдік нормалар мен сөз қолдану қағидаларының жиынтығы ретінде сипатталып, сыпайылықтың тілдік көріністері нақты мысалдар арқылы талданады [5, 68]. Осыған сәйкес, қазақ

тілінде сыпайылық әртүрлі грамматикалық және лексикалық құралдар арқылы берілетінін, мәселен, қосымшалар, модаль сөздер, қаратпа формалар мен тұрақты тіркестер сөйлеушінің адресатқа деген құрметін білдіретін негізгі амалдар ретінде қарастырса ғалым Ә. Қайдар сыпайылықтың жүзеге асуында бейвербалды амалдардың да рөлі айрықша екенін дәлелдейді. Мәселен, қол шапалақтау, сақал сипау, тізе бұғу сияқты ишаралық әрекеттер де белгілі бір мағыналық жүктемеге ие болып, қарым-қатынас барысында қосымша ақпарат жеткізеді [6, 88]. Бұл сыпайылықтың тек тілдік деңгейде ғана емес, кең ауқымды семиотикалық жүйе ретінде қызмет ететінін дәлелдейді.

Сондықтан, сыпайылық категориясын зерттеу мәселесі отандық және шетелдік ғылыми әдебиеттерде жан-жақты қарастырылып келеді. Ә.С.Әлметова, М.Р. Қондыбаева, А. Сейсенова, А. Қобланова және басқа да зерттеушілердің еңбектерінде сөйлеу мәдениеті, тілдесім әдебі және сыпайылықтың прагматикалық ерекшеліктері талдаған [7]. Әсіресе, сәлемдесу актісі сыпайылықтың маңызды дискурстық көріністерінің бірі ретінде танылады. А.Д. Сейсенова сәлемдесуді тұлғааралық қарым-қатынасты орнату мен нығайтудың, сондай-ақ құрмет пен ізеттілікті білдірудің негізгі тәсілі ретінде сипаттап, мысал ретінде қазақ тіліндегі «Ассалаумағалейкум» сияқты амандасу формалары ұлттық мәдениеттегі сыпайылық нормаларының айқын көрінісі ретінде келтіреді.

Осылайша, сыпайылық категориясы – тілдік, әлеуметтік және мәдени факторлардың өзара ықпалдасуы нәтижесінде қалыптасатын күрделі жүйе. Оның прагматикалық және дискурстық аспектілерін кешенді түрде зерттеу қазіргі тіл біліміндегі өзекті бағыттардың бірі, себебі бұл мәселе коммуникация тиімділігін арттырумен қатар, ұлттық және мәдени ерекшеліктерді терең түсінуге мүмкіндік береді.

Зерттеу материалы ретінде сыпайылық категориясының прагматикалық және дискурстық аспектілерін айқындауға мүмкіндік беретін әртүрлі дереккөздер кешені алынды. Атап айтқанда, отандық және шетелдік ғалымдардың теориялық еңбектерімен қатар, қазақ көркем әдебиеті үлгілері, сондай-ақ күнделікті коммуникативтік сөйлеу тілінен алынған нақты тілдік қолданыстар зерттеудің негізгі эмпирикалық базасын құрады. Көркем мәтіндердегі кейіпкерлер диалогтары мен авторлық баяндауларда көрініс табатын сыпайылық формулалары, сөйлеу әдебі үлгілері, сондай-ақ ауызекі сөйлеу тіліндегі амандасу, өтініш білдіру, кешірім сұрау, ризашылық білдіру тәрізді қатысымдық бірліктер талдауға негіз болды. Бұл материалдар сыпайылықтың тек теориялық емес, нақты тілдік қолданыстағы қызметін жан-жақты сипаттауға мүмкіндік береді.

Мақалада сипаттамалық және талдамалы әдістермен қатар, дискурстық және прагматикалық талдау әдістері кешенді түрде қолданылды. Әсіресе, әлеуметтік желідегі оқырман пікірі мен көркем әдебиет, ауызекі сөйлеу тілінен алынған мысалдарды талдау барысында контекстуалды талдау әдісі назарға алынып, тілдік бірліктің мағынасы мен қызметі нақты жағдаят аясында ғана толық ашылды. Сонымен қатар, мұндай мысалдарды пайдалану эмпирикалық

талдау әдісіне жатады, себебі зерттеу нақты тілдік деректерге сүйене отырып жүргізілді. Ал әртүрлі дереккөздердегі сыпайылық формаларын өзара салыстыра қарастыру салыстырмалы-талдамалы әдіс аясында жүзеге асырылады. Осы әдістердің өзара сабақтастығы сыпайылық категориясының прагматикалық және дискурстық ерекшеліктерін терең әрі жүйелі түрде ашуға мүмкіндік береді.

Тіл біліміндегі қазіргі антропоэзектік бағыттың дамуы нәтижесінде дискурс, прагматика және сыпайылық категориялары өзара сабақтас қарастырылатын кешенді ғылыми нысанға айналды. Әсіресе, сыпайылық категориясының прагматикалық және дискурстық аспектілерін зерттеу коммуникативтік үдерістің табиғатын терең түсінуге мүмкіндік береді. Бұл тұрғыдан алғанда, дискурс тек тілдік бірліктердің жиынтығы емес, ол – белгілі бір мақсатқа бағытталған, адресант пен адресат арасындағы әлеуметтік-мәдени, психологиялық және прагматикалық факторлармен астасқан күрделі коммуникативтік әрекет. Сондықтан сыпайылық категориясы дәл осы дискурстық кеңістікте жүзеге асып, өзінің нақты қызметін атқарады.

М. Рашидованың пікірінше, дискурс коммуникативтік құбылыс ретінде сөйлеу мен мәтін арасында аралық байланысты қамтамасыз етеді, яғни бір жағынан вербалды қарым-қатынас үдерісі болса, екінші жағынан сол үдерістің нәтижесінде қалыптасатын мәтіндік құрылым болып табылады [8, 25]. Бұл тұжырым дискурстың екіжақты табиғатын көрсетіп қана қоймай, сыпайылық категориясының да динамикалық, яғни тек дайын мәтінде емес, нақты қарым-қатынас барысында көрініс табатынын дәлелдейді.

Қ.К. Кенжеқанова дискурс пен мәтінді прагматикалық тұрғыдан салыстыра отырып, дискурсты ашық коммуникативтік жүйе ретінде сипаттайды. Оның айтуынша, дискурста пресуппозиция, интенция, сөйлеушілердің стратегиялары мен тактикалары сияқты прагматикалық компоненттер маңызды рөл атқарады. Сонымен қатар, вербалды және бейвербалды құралдар коммуникативтік мақсатқа жетудің негізгі тетігі ретінде қолданылады. Осыған байланысты дискурс күрделі коммуникативтік-прагматикалық тілдік акт ретінде танылады. Ал мәтін жабық коммуникативтік жүйе болғандықтан, оның әсер ету мүмкіндігі шектеулі болып келеді, дегенмен онда да автордың прагматикалық ұстанымы стилистикалық тәсілдер арқылы көрініс табады [9, 41]. Бұл пікірлер сыпайылық категориясының ең алдымен дискурста толық жүзеге асатынын көрсетеді. Дискурсты адресант пен адресат арасындағы өзара әрекет ретінде қарастыру оның прагматикалық табиғатын терең аша түседі. Осы тұрғыдан алғанда, дискурс адресанттың мақсатты түрде бағытталған ойының адресат санасында интерпретациялануы нәтижесінде жүзеге асатын сөйлеу актісі болып табылады. Мұнда сыпайылық категориясы ерекше орын алады, өйткені ол сөйлеушінің ниеті мен тыңдаушының қабылдауы арасындағы үйлесімділікті қамтамасыз етеді.

Қ.Ө. Есенованың зерттеулерінде дискурстың прагматикалық әлеуеті коммуникативтік категорияларға, соның ішінде сыпайылыққа тәуелді екені көрсетіледі. Ғалым дискурстың тиімділігі қарым-қатынас ситуациясына,

қатысушылардың ерекшеліктеріне, экстралингвистикалық және этномәдени факторларға, сондай-ақ коммуниканттардың мақсат-ниеттеріне байланысты екенін атап өтеді. Сонымен қатар, адресат ақпаратты қабылдау барысында адресанттың түпкі мақсатын түсінуге ұмтылатыны көрсетіледі [10, 16]. Бұл сыпайылықтың коммуникативтік табысты қамтамасыз ететін маңызды прагматикалық құрал екенін дәлелдейді.

Ф. Хамид прагматиканы тілдің контекстік-вариациялық аспектілерін зерттейтін ғылым саласы ретінде қарастырып, оның дискурспен тығыз байланысын көрсетеді [11, 52]. Ал И.М. Магидова прагматиканы тілдік бірліктердің нақты коммуникативтік жағдайларда қолданылу барысындағы өзгерістерін зерттейтін сала ретінде анықтайды [12, 78]. Бұл анықтамалар сыпайылық категориясының контекстке тәуелді екенін, яғни оның мазмұны мен формасы нақты дискурстық жағдаятқа байланысты өзгеріп отыратынын айқындайды.

Қазақ тіл білімінде сыпайылық категориясының прагматикалық және дискурстық қырларын зерттеуде Ғ. Қалиевтің еңбектері маңызды орын алады. Ғалым қазақ тіліндегі сөйлеу стратегиялары мен прагматикалық нормаларды талдай отырып, олардың әлеуметтік-психологиялық негіздерін айқындайды. Сонымен қатар, қазақ тілінің прагматикалық әлеуетін, сыпайылық категорияларын және тілдік этикет нормаларын сипаттап, олардың коммуникативтік үдерістегі қызметін нақтылайды [13, 210]. Осы бағытта қарастырылған еңбектер сыпайылық категориясының прагматикалық және дискурстық аспектілерін кешенді түрде қарастырудың маңыздылығын көрсетеді. Дискурс – сыпайылықтың жүзеге асу ортасы болса, прагматика – оның қызметін түсіндіретін негізгі теориялық база болып табылады. Осыған байланысты сыпайылық категориясын зерттеу дискурстық және прагматикалық факторлардың өзара байланысы аясында жүргізілуі тиіс.

Зерттеу барысында сыпайылық категориясының прагматикалық және дискурстық аспектілерінің өзара тығыз байланыста жүзеге асатынын және оның коммуникативтік үдерістегі негізгі реттеуші тетіктердің бірі екенін айқындайды. Сыпайылық дискурста тек тілдік формалар жиынтығы ретінде емес, адресанттың коммуникативтік мақсатына жету үшін саналы түрде таңдайтын стратегиясы мен тактикасының нәтижесі ретінде көрінеді. Яғни, кез келген сөйлеу актісінде адресант өз ойын тікелей немесе жанама жеткізу барысында адресанттың әлеуметтік мәртебесін, психологиялық күйін, мәдени ерекшеліктерін және нақты жағдаятты ескере отырып, белгілі бір сыпайылық нормаларын сақтауға тырысады. Бұл үдеріс дискурстың прагматикалық табиғатын толық ашып, сыпайылықтың интерпретациялық сипатқа ие екенін көрсетеді, себебі бір ғана тілдік бірлік әртүрлі контексте әртүрлі қабылдануы мүмкін. Сонымен қатар, сыпайылықтың жүзеге асуы тек вербалды құралдармен шектелмей, интонация, пауза, ым-ишара сияқты бейвербалды элементтермен де тығыз байланыста болады. Осыған байланысты сыпайылық категориясы дискурстағы мағынаны ұйымдастырушы, коммуникативтік үйлесімділікті

қамтамасыз етуші және қатысушылар арасындағы әлеуметтік тепе-теңдікті сақтаушы күрделі прагматикалық құбылыс ретінде танылады.

Мысал арқылы талдар болсақ, сыпайылық категориясының дискурста әртүрлі прагматикалық жағдайда әрқалай жүзеге асатынын айқын көре аламыз. Мәселен, «Ақ боз ат» шығармасындағы *«Ғафу етерсіздер, “біздің” дейтін себебіміз біздің де жұрт қатарлы іш тартарымыз бар. Жіпсіз байланып, жіксіз жымыңдасқан дос-жаранымыз бар»* деген сөйлемде адресант өз ойын барынша жұмсартып, көптік форма мен құрмет мәнді сөздерді қолдану арқылы адресатқа деген ілтипатын білдіреді. Мұнда «ғафу етерсіздер» формасы кешірім сұраудың сыпайы үлгісі ретінде ғана емес, тыңдаушының «бет-бейнесін» сақтауға бағытталған прагматикалық стратегия ретінде көрінеді. Сонымен қатар «біздің» есімдігінің қолданылуы сөйлеушінің өзін жеке дара емес, көпшілікпен бірлікте көрсету арқылы коммуникативтік қашықтықты азайтып, адресатпен жақындасу тактикасын жүзеге асырады. Ал Марат Қабанбаевтің *«Қала және қыз бала»* шығармасындағы *«Ғафу, ойбой, ғафу! Бөркіңіз қазандай екен, қойдым! Шәй деспейік, деді де, автобустың артқы жағына шегініп, орындыққа сылқ етіп отыра кетті»* түріндегі қолданыс мүлде басқа прагматикалық реңкті аңғартады. Мұнда да «ғафу» сөзі формалды түрде кешірім сұрау мағынасын білдіргенімен, оған қосылған «ойбой» одағайы сөйлеудің экспрессивтілігін арттырып, бейресми, эмоциялық реңк үстейді. Сөйлеуші адресатқа ресми құрмет көрсетуден гөрі, жағдайды жеңілдетуге, тосын әрекетті жұмсартып жеткізуге ұмтылады. Бұл жерде сыпайылық нормасы толық сақталып тұр деуге келмейді, керісінше, ол дискурстық жағдаятқа бейімделіп, еркін, тұрмыстық қарым-қатынас деңгейінде көрініс табады. Сондай-ақ «бөркіңіз қазандай екен» сияқты репликада белгілі бір дәрежеде ирония, әзіл элементтері байқалып, сыпайылық пен бейресмилік қатар өріледі. Демек, бұл мысал сыпайылықтың абсолютті емес, салыстырмалы, контекстке тәуелді құбылыс екенін дәлелдейді.

Тілдік бірліктер сыпайылық категориясының дискурстағы көрінісінің әлеуметтік, мәдени және прагматикалық факторларға тікелей тәуелді екенін айқын көрсетеді. Мысалы, «Сәлеметсіз бе, апай!», «Амансыз ба, шешей!», «Жақсымысыз, әжей!» сияқты қолданыстарда сыпайылықтың негізгі көрсеткіші ретінде құрмет мәнді «–сыз/–сіз» формалары мен туыстық атаулардың қатар жұмсалуы байқалады. Бұл жерде адресант адресаттың жас ерекшелігін, әлеуметтік мәртебесін ескеріп, ресми-сыпайы қарым-қатынас орнатуға ұмтылады, яғни позитивті коммуникативтік ахуал қалыптастыру стратегиясын жүзеге асырады. Ал «Есенсің бе, айналайын!» сөйлемінде, керісінше, «–сын» формасы қолданылғанымен, «айналайын» сияқты жылы лексема арқылы жақындық, ілтипат, эмоциялық реңк беріліп, бейресми сыпайылық үлгісі көрінеді. Бұл – қазақ тіліндегі сыпайылықтың тек грамматикалық көрсеткіштермен шектелмей, экспрессивті-эмоционалды құралдар арқылы да жүзеге асатынын дәлелдейді. Ал «Өскен ел, туған жерім, армысың...» деген үлгіні талдар болсақ, бұл жерде сыпайылықтың адресаты адам емес, абстракт ұғымдар болып, мұнда патриоттық сезім мен құрмет реңкі дискурстық деңгейде

көркем тәсіл арқылы беріледі. Демек, бұл мысалдар сыпайылық категориясының тек формалды тілдік көрсеткіш емес, коммуникативтік жағдаятқа, адресат типіне және сөйлеушінің интенциясына байланысты түрленіп отыратын күрделі прагматикалық құбылыс екенін нақтылай түседі.

Сыпайылық категориясының дискурста бұзылуы немесе кері (антисыпайылық) сипатта көрінуі «Ақ боз үй» романындағы келесі үзіндіден айқын байқалады: *«Анау, әлгі бетпақ, құмсақ алаңда қанаты сынған қарғадай қалбиып отыр. Ал, күл!.. Ал, жыми!.. Ойының келген екен Сұржекеймен! Әмпей-жәмпей болдым деп жүрген шығарсың! Кешіріңіз! Сұржекей ешкімнің де қолбаласы бола алмайды. Әсіресе, сендей наданның айтқанына көніп, айдағанына жүре алмайды. Аяз әліңді, құмырсқа жолыңды біл! – деген. Сен кімсің? Құмырсқасың»*. Бұл үзіндіде сыпайылық категориясы әдейі бұзылып, адресатқа қатысты негативті бағалау, кемсіту, қорлау мәніндегі тілдік бірліктер басым қолданылған. «Бетпақ», «надан», «құмырсқасың» сияқты лексемалар адресаттың әлеуметтік және тұлғалық «бет-бейнесіне» тікелей қауіп төндіретін, яғни негативті прагматикалық әсер туғызатын құралдар болып табылады. Сонымен қатар, бұйрық рай формалары («ал, күл», «ал, жыми») коммуникативтік қысым көрсету, үстемдік таныту стратегиясын білдіреді. Үзіндіде «Кешіріңіз!» деген сыпайы форма формалды түрде қолданылғанымен, ол шынайы сыпайылықты білдірмей, керісінше ирониялық, сарказмдық мәнде жұмсалып, жалпы дискурстың агрессивті реңкін күшейтіп тұр. Бұл – сыпайылық формаларының да контекстке байланысты қарама-қарсы мәнде қызмет ете алатынын көрсетеді. Осылайша, аталған мысалда сыпайылық категориясы сақталмай, керісінше, антисыпайылық стратегиялары арқылы адресанттың эмоциялық күйі, коммуникативтік мақсаты және адресатқа деген теріс көзқарасы айқын беріледі.

Сыпайылық категориясының дискурста әртүрлі прагматикалық реңкте көрінеді. Мысал ретінде талдар болсақ, Төлен Әбдіктің «Әке» және Дидахмет Әшімханның «Он бірінші күз» шығармаларындағы мына үзінділер арқылы айқындалады: *«– Ой, танауыңнан айналайын, – деді үйде отырғандай еміреніп. Класс тағы да ду күлді»* және *«Артық айтсам айып етпе, ондай маманның пұты бес тиын, айналайын!..»*. Бірінші мысалда «айналайын» сөзі еркелету, жақындық, мейірім білдіретін ұлттық-мәдени сыпайылық формасы ретінде жұмсалған. Сөйлеушінің «еміреніп» айтуы оның адресатқа деген жылы қарым-қатынасын көрсетеді, яғни мұнда сыпайылықтың позитивті, эмоционалды-экспрессивті түрі байқалады. Дегенмен, «класс тағы да ду күлді» деген контекст бұл еркелетудің ресми емес, тіпті аздап ойын-күлкіге құрылған дискурста жүзеге асқанын аңғартады. Ал екінші мысалда «айып етпе» және «айналайын» сөздері сырттай сыпайылық маркерлері болғанымен, олардың қызметі өзгеше. Сөйлеуші алдымен сыпайы форма арқылы өз сөзін жұмсартып алғандай әсер қалдырады да, кейін «пұты бес тиын» деген қатқыл, төмендетуші бағалау арқылы негізгі ойын жеткізеді. Мұнда сыпайылық формалары шынайы құрмет білдіруден гөрі, сын пікірді бүркемелеу, яғни негативті мазмұнды жұмсартып жеткізу стратегиясы ретінде қолданылған. Осылайша, бірінші

мысалда сыпайылық еркелету, жақындату қызметін атқарса, екінші мысалда ол керісінше қатқыл ойды жеткізудің прагматикалық құралына айналып, сыпайылықтың контекстке тәуелді, көпқырлы құбылыс екенін дәлелдейді.

Жүргізілген талдау нәтижелері сыпайылық категориясының тілдік жүйедегі орны оның тек формалды этикет нормалары шеңберінде қарастырылмай, прагматикалық және дискурстық тұрғыдан кешенді сипатқа ие екенін дәлелдейді. Сыпайылық – адресант пен адресат арасындағы қарым-қатынасты реттейтін, коммуникативтік үдерістің табысты жүзеге асуына ықпал ететін маңызды категория. Ол нақты жағдаятқа, қатысушылардың әлеуметтік мәртебесіне, жас ерекшелігіне, коммуникативтік мақсатына және мәдени ортаға байланысты әртүрлі деңгейде көрініс табады.

Зерттеу барысында көркем мәтіндер негізінде сыпайылықтың әртүрлі прагматикалық қызметтері анықталды: біріншіден, ол адресатқа құрмет білдіру, жақындық орнату, еркелету сияқты позитивті функция атқарады; екіншіден, сөйлеушінің ойын жұмсартып жеткізу, яғни негативті мазмұнды бәсеңдету құралы ретінде қолданылады; үшіншіден, кейбір жағдайларда сыпайылық формалары ирония, сарказм немесе коммуникативтік қысым көрсету мақсатында да жұмсалатыны байқалды. Бұл сыпайылықтың абсолютті емес, контекстке тәуелді, өзгермелі категория екенін көрсетеді. Сонымен қатар, дискурстық талдау сыпайылықтың тек тілдік бірліктер арқылы емес, интонация, эмоция, экспрессия, сондай-ақ экстралингвистикалық факторлар арқылы да жүзеге асатынын айқындады. Яғни, сыпайылық – көпқабатты, динамикалық құбылыс ретінде дискурста әртүрлі стратегиялар мен тактикалар арқылы көрініс табады. Осыған байланысты сыпайылық категориясын зерттеу тіл білімінің прагматика және дискурс теориясы аясында қарастырылғанда ғана оның толық табиғатын ашуға мүмкіндік береді.

Сыпайылық категориясының прагматикалық және дискурстық аспектілерін кешенді талдау оның тіл біліміндегі антропоэзектік бағыт аясында аса маңызды, көпқырлы құбылыс екенін айқындады. Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, сыпайылық тек тілдік этикет формаларының жиынтығы ретінде емес, адресант пен адресат арасындағы өзара әрекетті тиімді ұйымдастыратын, коммуникативтік мақсатқа жетуді қамтамасыз ететін күрделі прагматикалық механизм ретінде танылады. Дискурстық кеңістікте сыпайылық әртүрлі стратегиялар мен тактикалар арқылы жүзеге асып, сөйлеушінің интенциясына, қатысушылардың әлеуметтік мәртебесіне, олардың өзара қарым-қатынас сипатына, сондай-ақ нақты жағдаят пен мәдени-танымдық факторларға тәуелді қалыптасады. Осы тұрғыдан алғанда, сыпайылық категориясы статикалық емес, динамикалық, көпқабатты әрі интерпретацияға ашық құбылыс ретінде сипатталады. Ол тек вербалды құралдармен шектелмей, интонация, эмоциялық реңк, контекст және бейвербалды амалдар арқылы да жүзеге асып, дискурстың тұтастығын қамтамасыз ететін маңызды тетік қызметін атқарады.

Біздің пайымдауымызша, сыпайылық категориясының табиғатын толыққанды ашу үшін оны тек формалды грамматикалық көрсеткіштер деңгейінде емес, прагматикалық және дискурстық бірлікте қарастыру қажет.

Жүргізілген талдаулар сыпайылықтың біржақты позитивті құбылыс еместігін, оның кей жағдайда адресатқа құрмет білдіру, жақындық орнату, еркелету сияқты қызметтер атқарса, енді бірде сын пікірді жұмсарту, коммуникативтік шиеленісті бәсеңдету немесе керісінше, ирония, сарказм, астарлы мағына арқылы бағалауыштық реңк беру құралы ретінде жұмсалатынын көрсетті. Бұл оның функционалдық тұрғыдан икемді, контекстке тәуелді категория екенін дәлелдейді. Сонымен қатар, көркем мәтіндер негізінде жүргізілген талдау сыпайылықтың ұлттық-мәдени ерекшеліктермен тығыз байланысты екенін, яғни әрбір тілдік қауымдастықта оның өзіндік көрініс табатынын айқындады. Қорыта айтқанда, сыпайылық категориясы – дискурстық кеңістікте мағына түзуші, қатысымдық үйлесімділікті қамтамасыз етуші және әлеуметтік қатынастарды реттеуші әмбебап әрі күрделі прагматикалық құбылыс болып табылады; сондықтан оны әрі қарай зерттеу қазіргі тіл білімінің өзекті бағыттарының бірі ретінде қарастырылуы тиіс.

Пайдаланылған әдебиеттер

- 1 Сөз және оның мәдени ұлттық мазмұны // М. Әуезовтің қазақ тілін дамытудағы рөлі. – Алматы: 1997. – 78 б.
- 2 Сейсенова, А. Сыпайылық категориясы // Қазақ тілі мен әдебиеті. – Алматы: 1996.
- 3 Шакузадаұлы Н., Ерғалиева Ж. Әдептілік қағидалары. – Алматы: Өнер, Katev, 2000. – 320 б.
- 4 Әлкебаева Д.А. Сөз мәдениеті. – Алматы: 2011. – 196 б
- 5 Уәлиев Н. Сөз мәдениеті. – Алматы: Мектеп, 1984. – 107 б.
- 6 Қайдар, Ә. Т. Қазақ тілінің өзекті мәселелері. – Алматы: 1998.
- 7 Қобланова, А. Қазақ сөз этикеті // Филол. ғыл. канд.... дис. – Алматы, 1993. – 151 б.
- 8 Rashidova M. The concept of discourse in modern linguistics. 2021. Vol. 2 No. 07: rjai.
- 9 Кенжеқанова К.Қ. Саяси дискурстың прагмалингвистикалық және когнитивтік компоненттері (қазақ тіліндегі мерзімді басылымдар материалдары бойынша). Философия (PhD) докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. – Алматы, 2015. – 187 б.
- 10 Есенова Қ.Ө. Медиалингвистика: мерзімді баспасөз тілін зерттеудің прагматикалық аспектісі. – Алматы, 2015.
- 11 Al-hindawi Fareed, D.Saffah. Pragmatics and Discourse Analysis. Journal of Education and Practice. 8. 2017. – P.93-107.
- 12 Магидова И. Теория и практика прагмалингвистического регистра английской речи: дис... д-ра филол. наук. – М., 1989. – С. 383.
- 13 Қалиев Ғ. Қазақ тілінің прагматикасы (2-басылым). – Алматы: Паритет, 2012.

ҒТАМР 16.21.51

ЦИФРЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ ЖАҒДАЙЫНДА ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

А.К. Амирова

П.ғ.м., педагог-шебер, қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі,

“№ 177 мектеп гимназия” КММ, Алматы қ.

Білім берудің жедел цифрландыруы жағдайында дәстүрлі әдістерді жана технологиялық форматтарға бейімдеуге байланысты қазақ тілін оқытудағы қиындықтар барған сайын өзекті болып келеді. Бұл зерттеудің өзектілігі онлайн және аралас ортада оқытудың тиімділігін арттыру, сондай-ақ жаһандану жағдайында тілдік сәйкестікті сақтау қажеттілігінен туындайды. Зерттеудің нысаны – қазақ тілін цифрлық білім беру ортасында оқыту процесі, ал пәні – оны енгізу кезінде кездесетін әдіснамалық және технологиялық қиындықтар. Зерттеудің мақсаты – қазіргі проблемаларды анықтау және тиімді шешімдерді анықтау.

Зерттеуде салыстырмалы талдау, педагогикалық бақылау, ғылыми-әдістемелік әдебиеттерге шолу қолданылады. Цифрлық платформалардың қазақ тілінің ерекшеліктеріне жеткіліксіз бейімделуі, сапалы мазмұнның шектеулілігі, кейбір мұғалімдердің цифрлық құзыреттілігінің төмендігі және қашықтықтан оқыту форматында оқушылардың ынтасының төмендеуі сияқты мәселелерге ерекше назар аударылады.

Зерттеу нәтижелері интерактивті технологияларды интеграциялау, мамандандырылған цифрлық ресурстарды әзірлеу және мұғалімдерді біліктілігін арттыру арқылы тиімді оқыту мүмкін екенін көрсетеді. Ғылыми жаңалық цифрлық қиындықтарды кешенді талдауда және мультимедиялық құралдарды пайдалануды және жекелендірілген оқытуды қоса алғанда, тәжірибеге бағытталған шешімдерді ұсынуға жатыр.

Түйін сөздер: қазақ тілі, цифрлық білім беру, оқыту әдістері, қашықтықтан оқыту, білім беру технологиялары.

Білім беру жүйесінің жаһандық цифрлық трансформациясы аясында тілді оқытуға, соның ішінде мемлекеттік тіл ретінде қазақ тілін оқытуға көзқарастар айтарлықтай өзгеруде. Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды белсенді енгізу, онлайн платформаларды дамыту және қашықтықтан оқыту жаңа мүмкіндіктер мен ғылыми түсінікті қажет ететін бірқатар күрделі мәселелерді тудыруда [1]. Бұл зерттеудің тақырыбын таңдау цифрлық білім

беру ортасында қазақ тілін оқытудың қазіргі жағдайын талдау және оны тиімді меңгеруге кедергі келтіретін факторларды анықтау қажеттілігінен туындайды. Білім беруді цифрландыруға арналған жеке зерттеулердің болуына қарамастан, қазақ тілін оқыту әдістерін жаңа жағдайларға бейімдеу мәселесі әлі де жеткіліксіз қарастырылуда. Бұл дәстүрлі педагогикалық тәсілдер мен цифрлық дәуірдің талаптары арасындағы алшақтықпен байланысты проблемалық жағдай туғызады.

Бұл тақырыптың өзектілігі цифрлық білім беруге деген қызығушылықтың артуымен және қазақ тілін оқыту сапасын жақсартуға бағытталған кешенді инновациялық шешімдердің бір мезгілде болмауымен анықталады. Қазіргі заманғы білім беру платформалары көбінесе қазақ тілінің ерекшеліктерін, соның ішінде оның фонетикасын, морфологиясын және синтаксисін ескермейді, бұл оқу процесін қиындатады. Сонымен қатар, интерактивті және жекелендірілген оқытуға бағытталған жоғары сапалы цифрлық мазмұн мен әдістемелік әзірлемелердің жетіспеушілігі байқалады. Бұл цифрлық ортада оқытудың тиімді тәсілдерін әзірлеуге бағытталған осы зерттеудің теориялық және практикалық маңыздылығын көрсетеді.

Бұл зерттеудің нысаны – цифрлық ортада қазақ тілін оқыту процесі. Онда цифрлық технологияларды қолдана отырып, қазақ тілін оқыту кезінде туындайтын әдістемелік, технологиялық және ұйымдастырушылық қиындықтар жиынтығы қарастырылады. Зерттеудің мақсаты – цифрлық ортада қазақ тілін оқытудағы өзекті мәселелерді анықтау және ғылыми негіздеу, сондай-ақ тиімді шешімдер әзірлеу.

Бұл мақсатқа жету үшін келесі міндеттер анықталды: қазақ тілін оқытудағы қолданыстағы тәсілдерді талдау; цифрлық білім беру технологияларын пайдалануда кездесетін негізгі қиындықтарды анықтау; мұғалімдер мен оқушылардың цифрлық форматқа дайындық деңгейін анықтау; және оқыту әдістерін жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлеу.

Зерттеудің әдіснамалық негізі жүйелік, құзыреттілікке негізделген және коммуникативтік тәсілдерге негізделген, бұл бізге оқу процесін тұтас және көп деңгейлі жүйе ретінде қарастыруға мүмкіндік береді. Зерттеуде әдебиетке шолу, салыстырмалы талдау, сауалнамалар, педагогикалық бақылау және практикалық тәжірибені жалпылау әдістері қолданылды.

Зерттеудің болжамы бойынша, цифрлық білім беру ортасында қазақ тілін оқытудың тиімділігін оқыту әдістерін цифрлық ортаға бейімдеу, интерактивті технологияларды енгізу және мұғалімдердің цифрлық құзыреттілігін арттыру арқылы айтарлықтай жақсартуға болады.

Зерттеу цифрлық білім беру ортасында қазақ тілін оқытудың бірқатар өзекті мәселелерін анықтап, оларды заманауи ғылыми жұмыстар мен Қазақстанда цифрлық технологияларды енгізу негізінде талдады. Нәтижелер білім беру ортасын цифрландыру тек жаңғыртудың факторы ғана емес, сонымен қатар жүйелі ғылыми талдауды қажет ететін жаңа қайшылықтардың көзі екенін растайды.

Ең алдымен, нәтижелерді талдау негізгі мәселелердің бірі цифрлық құралдардың технологиялық әлеуеті мен оларды педагогикалық енгізу арасындағы алшақтық екенін көрсетті. Жақында жүргізілген зерттеулер Қазақстанда жасанды интеллект, тілдік модельдер және білім беру платформаларын пайдалануды қоса алғанда, дамыған цифрлық инфрақұрылымның бар екенін көрсетеді [2, 315]. Дегенмен, қазақ тілін оқытудың нақты тәжірибесінде бұл мүмкіндіктер тек ішінара ғана пайдаланылады. Мұны біздің зерттеуіміздің нәтижелері растайды: мұғалімдер көбінесе негізгі құралдарды (презентациялар, бейнелер) пайдаланады, ал бейімделгіш оқыту жүйелері мен интеллектуалды платформалардың әлеуеті әлі де толық пайдаланылмаған.

Ғылыми басылымдармен салыстыру бұл мәселенің жүйелі екенін көрсетеді. Зерттеулер қолданыстағы цифрлық қосымшалардың (мысалы, білім беру платформалары мен мобильді қосымшалар) негізгі дидактикалық функцияларды қамтамасыз ететінін, бірақ оқуды терең дербестендіруді жеткілікті түрде жүзеге асырмайтынын және тілдің мәдени ерекшеліктерін жеткізе алмайтынын атап өтеді. Бұл әсіресе мәдени контекст коммуникативтік құзыреттілікті дамытуда маңызды рөл атқаратын қазақ тілі үшін маңызды.

Тағы бір маңызды мәселе – жоғары сапалы цифрлық мазмұнның шектеулі қолжетімділігі. Талдау нәтижелері оқу материалдарының айтарлықтай бөлігі интерактивті форматқа бейімделмегенін және цифрлық педагогиканың заманауи талаптарын ескермейтінін көрсетеді. Сонымен қатар, зерттеулер мультимедиялық және интерактивті технологияларды пайдалану оқу тиімділігін, соның ішінде тыңдау, сөйлеу және жазу дағдыларын дамытуды айтарлықтай жақсартатынын растайды [3, 242]. Дегенмен, іс жүзінде мұндай ресурстар фрагменттелген және біртұтас оқыту жүйесін құрмайды.

Оқытудың әдіснамалық трансформациясы мәселесіне ерекше назар аудару керек. Грамматика-аударма тәсілі сияқты дәстүрлі әдістер цифрлық ортада тиімділігін жоғалтуда. Қазіргі зерттеулер ең өнімді тәсіл – бейнеконференцияларды, онлайн пікірталастарды және әлеуметтік медианы пайдалануды қоса алғанда, цифрлық технологиялармен біріктірілген коммуникативті тәсіл екенін көрсетеді [4, 305]. Дегенмен, жаңа әдістерді енгізу мұғалімдерді даярлаудың жеткіліксіздігі мәселесіне тап болады. Деректерді талдау мұғалімдердің цифрлық құзыреттілігі біркелкі емес екенін көрсетті. Бұл цифрлық педагогиканы, онлайн өзара әрекеттесуді басқаруды және жасанды интеллектті пайдалануды қамтитын кешенді құзыреттіліктерді дамыту қажеттілігін атап көрсететін басқа зерттеулердің нәтижелерімен сәйкес келеді. Осылайша, мәселе тек техникалық дағдылармен ғана шектелмейді, сонымен қатар кәсіби дамудың кең ауқымына да қатысты.

Оқушылардың мотивациясы да маңызды мәселе болып табылады. Қашықтықтан оқыту бетпе-бет өзара әрекеттесудің болмауына және оқу процесінде интерактивтіліктің болмауына байланысты қатысудың төмендеуін бастан кешіреді. Дегенмен, зерттеулер АКТ қолдану, керісінше, әдістемелік тұрғыдан дұрыс ұйымдастырылған кезде мотивацияны арттыра алатынын

көрсетеді. Бұл мәселе технологиялардың өзінде емес, оларды қолдану тәсілдерінде екенін көрсетеді.

Талқылаудың маңызды аспектісі – тілдік ортаның рөлі. Мемлекеттік тіл мәртебесіне қарамастан, қазақ тілі кейде күнделікті қарым-қатынаста шектеулі, бұл оқу процесіне әсер етеді. Бұл мәселе сандық ортада ушығып барады, себебі оқушылардың тілді нақты өмірлік жағдайларда жаттығу мүмкіндігі әрдайым бола бермейді. Сондықтан онлайн қарым-қатынас, жобалар және интерактивті тапсырмаларды қамтитын виртуалды тілдік ортаны құру барған сайын маңызды болып келеді.

Әсіресе, Қазақстанның ең ірі білім беру және ғылыми орталығы Алматыдағы қазақ тілін оқыту тәжірибесін талдау қызығушылық тудырады. Алматы тілдік білім беруде сандық технологияларды енгізуде көшбасшы болып табылады. Мысалы, тәжірибелі жергілікті мұғалімдер қазақ тіліндегі электрондық оқулықтарды әзірлеуге қатысты, ал ресурстардың өздерін педагогтар, бағдарламашылар және дизайнерлер сияқты пәнаралық топтар жасады. Бұл технология мен педагогика арасындағы жоғары деңгейдегі интеграцияны көрсетеді. Сонымен қатар, Алматыда тілді цифрландыруға байланысты ғылыми және білім беру жобалары белсенді дамып келеді. Қазақ тілінің ұлттық корпусын құру және жасанды интеллект технологияларын енгізу үлкен мәтіндерді талдауға және оқу материалдарын жақсартуға мүмкіндік береді [5, 64].

Қаладағы университеттер цифрлық лингвистика мен табиғи тілдерді өңдеуге бағытталған білім беру бағдарламаларын жүзеге асыруда, бұл мамандардың жаңа буынын даярлауға көмектеседі. Дегенмен, тіпті осы жағдайларда да белгілі бір қиындықтар сақталуда. Талдау көрсеткендей, заманауи технологиялардың қолжетімділігіне қарамастан, оларды негізгі білім беруде енгізу біркелкі емес. Бұл білім беру мекемелеріне қолжетімді ресурстардағы, мұғалімдерді даярлау деңгейіндегі және жоғары сапалы цифрлық материалдарға қолжетімділіктегі айырмашылықтарға байланысты. Осылайша, Алматының тәжірибесі цифрлық білім берудегі маңызды жетістіктерді де, бар шектеулерді де көрсетеді.

Зерттеу нәтижелерін зерттеу деректерімен салыстыру бірнеше негізгі үрдістерді анықтауға мүмкіндік береді. *Біріншіден*, дәстүрлі оқытудан аралас және қашықтықтан оқыту форматтарына ауысу бар. *Екіншіден*, жасанды интеллект пен мультимедиялық ресурстарды қоса алғанда, цифрлық технологиялардың рөлі артып келеді. *Үшіншіден*, жекелендірілген оқыту мен бейімделгіш білім беру жүйелерінің маңыздылығы артып келеді.

Сонымен қатар, анықталған қиындықтар қазақ тілін оқытуды жаңғыртуға кешенді тәсіл қажет екенін көрсетеді. Бұл мәселелерді келесі бағыттарды біріктіру арқылы шешуге болады:

- қазақ тілінің тілдік ерекшеліктерін ескеретін мамандандырылған цифрлық платформаларды әзірлеу;
- жоғары сапалы интерактивті мазмұн жасау;
- мұғалімдердің біліктілігін арттыру;

- инновациялық оқыту әдістерін енгізу;
- цифрлық тілдік ортаны құру.

Жасанды интеллектті білім беру процесіне енгізу ерекше маңызды. Қазіргі зерттеулер көрсеткендей, жасанды интеллект кері байланысты автоматтандыру және білім беру траекторияларын жекешелендіру арқылы оқу тиімділігін айтарлықтай жақсарты алады. Дегенмен, қазақ тілі үшін бұл сала әлі де бастапқы кезеңде, бұл одан әрі ғылыми зерттеулерді қажет етеді.

Осылайша, жүргізілген талдау цифрлық білім беру ортасында қазақ тілін оқытудың қиындықтары көп өлшемді және технологиялық, әдіснамалық және әлеуметтік-мәдени аспектілерді қамтиды деген қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Зерттеу нәтижелері қазіргі ғылыми деректермен сәйкес келеді және қазақ тілінің ерекшеліктеріне бағытталған цифрлық педагогиканы одан әрі дамыту қажеттілігін растайды.

Қорытындылай келе, цифрландыру қазақ тілін дамыту үшін, соның ішінде оның функционалдық кеңістігін кеңейту және оқытудың қолжетімділігін арттыру үшін жаңа мүмкіндіктер ашатынын атап өткен жөн. Дегенмен, бұл мүмкіндіктерді жүзеге асыру білім беру саясатында, оқыту әдістерінде және кадрларды даярлауда жүйелі өзгерістерді қажет етеді. Тек кешенді тәсілмен ғана біз қазақ тілін тиімді оқытуды және оның цифрлық дәуірде тұрақты дамуын қамтамасыз ете аламыз.

Пайдаланылған әдебиеттер

1 Кадырбек Н., Туймебаев Ж., Мансурова М., Вигас В. The development of small-scale language models for low-resource languages, with a focus on Kazakh and direct preference optimization. *Big Data and Cognitive Computing*, 9(5), 2025. 137. <https://doi.org/10.3390/bdcc9050137>

2 Сержанкызы Ж., Турашова Ш.П. Педагогические и цифровые аспекты применения генеративных ии технологий в образовании казахского языка // *Вестник КазНПУ имени Абая. Серия: Педагогические науки. Том 87. – № 3 (2025).* – С. 312-319.

3 Макатова А.А., Сейсембай Г.А. Қазақ тілі сабақтарында цифрлы технологияларды қолдану // *Международный журнал информационных и коммуникационных технологий / мир языка: теория, практика, инновации.* – Том 1. – № 1 (2020). – Б. 241-244.

4 Шадиева, Н. (2025). Эффективные методы онлайн-обучения казахскому языку // «*Вестник НАН РК*» / Педагогика. – Том 413. – № 1. – 2025. – С. 297–311.

5 Елубаева П., Джонисова Г., Джонисова Г., Макашева Ф. Определение профессиональных компетенций будущих учителей иностранного языка в эпоху цифровой трансформации образования // *Өрлеу. Үздіксіз білім жаршысы.* – № 1 (52). – 2026. – С. 59-70.

**ӘЛЕУМЕТТІК ҒЫЛЫМДАР ЖӘНЕ
ЭКОНОМИКА**

СОЦИАЛЬНЫЕ НАУКИ И ЭКОНОМИКА

SOCIAL SCIENCES AND ECONOMICS

SRSTI 06.81.12

DIGITAL ECONOMICS AND INNOVATION: FORMING SUSTAINABLE COMPETITIVE ADVANTAGE OF ENTERPRISES THROUGH INNOVATION

An Xinyu

*EMBA student, Al-farabi Kazakh National University,
Farabi International Business School, Almaty, Kazakhstan*

With the rapid development of digital technologies like big data and AI, the digital economy has become a core driver reshaping enterprise competition. However, many enterprises struggle to convert digital advantages into sustainable competitive advantages due to insufficient innovation capabilities and disconnected digitalization and innovation. Based on the resource-based view and dynamic capability theory, this study uses empirical tests and numerical simulation with 186 high-tech listed enterprises as samples, adopting Stata 17.0 and MATLAB R2023a. Its core innovation is an integrated evaluation system and a dynamic innovation resource allocation model. Results show digital economy significantly promotes enterprise innovation, which fully mediates its impact on sustainable competitive advantage, enriching relevant research and providing practical guidance.

Keywords: Digital Economics, Enterprise Innovation, Sustainable Competitive Advantage, Innovation Resource Allocation, Dynamic Capability.

Amid the fourth industrial revolution, the digital economy has profoundly transformed enterprise operations and market competition (Zhong et al., 2022). The 2024 Global Digital Economy White Paper shows the 2023 global digital economy reached \$45.8 trillion (48.3% of GDP, 10.5% annual growth). Over 60% of enterprises fall into the “digital transformation trap” (Li et al., 2023) due to poor integration of digitalization and innovation, making this research urgent.

Existing studies confirm the digital economy boosts innovation via optimized resource allocation (Han et al., 2021; Wang et al., 2022), with innovation as a key to competitive advantage (Zhang et al., 2023; Chen et al., 2024), supported by RBV and DCT (Teece, 2021; Barney, 2022).

To address gaps, this study constructs a theoretical framework, a multi-dimensional evaluation system, combines empirical and simulation methods, and proposes a dynamic resource allocation model. The paper structure includes

Оқу нәтижелерін бағалау да интегративті тәсілге сәйкес құрылуы тиіс. Тек теориялық сұрақ қою студенттің кәсіби дайындығын толық көрсетпейді. Бағалау бірнеше өлшемге сүйенгені дұрыс: биологиялық білім, зертханалық дағды, технологиялық талдау, шешімді негіздеу, экологиялық және экономикалық салдарды түсіндіру. Мысалы, студентке белгілі бір жеміс түріне сақтау әдісін таңдауды ұсынуға болады. Ол таңдаған әдісін өнімнің биологиялық ерекшелігі, сақтау мерзімі, шығын көлемі және сапаны сақтау мүмкіндігі арқылы дәлелдеуі керек.

Кесте 3. Студенттің кәсіби дайындығын бағалауда қолданылатын негізгі өлшемдер.

Бағалау өлшемі	Студенттен күтілетін нәтиже
Биологиялық білім	Жемістің физиологиялық және биохимиялық өзгерістерін түсіндіреді
Технологиялық талдау	Сақтау және өңдеу әдістерін салыстырады
Практикалық дағды	Зертханалық бақылау жүргізіп, нәтиже шығарады
Жобалық ойлау	Нақты өнімге сақтау жобасын ұсынады
Сыни бағалау	Әдістің артықшылығы мен шектеуін көрсетеді

Мұндай бағалау студентті жаттанды жауаптан алыстатады. Жеміс сақтау технологиясында бір ғана дұрыс шешім бола бермейді. Кей жағдайда төмен температура тиімді, кейде MAP технологиясы қажет, ал кейбір өнімдер үшін биоқаптама қолайлы болуы мүмкін. Таңдау өнімнің түріне, сақтау мерзіміне, тасымалдау қашықтығына және қойма жағдайына тәуелді. Сондықтан студент технологияны атаумен емес, қолдану жағдайымен түсінуі тиіс.

Болашақ биолог мамандарды жемісті өңдеу және сақтау технологиясына даярлау мазмұны пәндік біліммен ғана шектелмеуі керек. Оған зертханалық жұмыс, жобалық оқыту, кейс талдау, цифрлық мониторинг және өндірістік жағдайларды модельдеу енуі қажет. Сонда студент теорияны бөлек, практиканы бөлек қабылдамайды. Екеуін бір кәсіби міндеттің ішінде байланыстырады.

Интегративті тәсілдің құндылығы осы тұста байқалады. Ол биологияны технологиядан, технологияны экологиядан, экологияны өндірістік тиімділіктен ажыратпайды. Қазіргі агроөнеркәсіпке дәл осындай маман керек: өнімнің биологиялық табиғатын түсінетін, сақтау технологиясын таңдай алатын, тәуекелді алдын ала бағалайтын және сапаны жоғалтпау жолын ұсына алатын маман. Жемісті өңдеу және сақтау технологиясын интегративті негізде оқыту биолог мамандардың кәсіби даярлығын жаңартуға нақты мүмкіндік береді.

Жеміс қоймаға түскен сәттен бастап оның сапасы өздігінен сақталып тұрмайды. Температура 1–4 °C шамасында тұрақтамаса, ылғалдылық бақылаусыз қалса, қаптама дұрыс таңдалмаса, өнім бірнеше күн ішінде жұмсарып, сыртқы түрін жоғалтуы мүмкін. Сондықтан жемісті өңдеу және сақтау технологиясын интегративті тәсілмен оқыту болашақ биолог маман үшін тек қосымша білім емес, нақты кәсіби қажеттілікке айналады.

Зерттеу мазмұны көрсеткендей, биология, химия, микробиология және технология пәндерін жеке-жеке оқыту студентке толық кәсіби көрініс бере бермейді. Ол жемістің тыныс алуын білуі мүмкін, бірақ сол процестің сақтау камерасындағы газдық ортаға, ылғалға немесе тасымалдау кезіндегі зақымға қалай байланысатынын түсінбесе, білім жартылай күйде қалады. Интегративті тәсіл осы үзікті жалғайды.

Жобалық оқыту, зертханалық модельдеу және кейс-стади әдістері студентті дайын теориядан нақты жағдайға жақындатады. Мысалы, алма немесе жидек өнімін әртүрлі температурада сақтап, 5–7 күннен кейін түсін, иісін, массасын және жұмсару деңгейін салыстыру қарапайым көрінгенімен,

кәсіби ойлауға жақсы негіз береді. MAP технологиясы, биоқаптамалар, цифрлық егіздер және IoT жүйелері де осындай логикамен оқытылғанда ғана мән алады. Тек атауын білу аз. Қай жағдайда қолданылатынын түсіну керек.

Қазақстан үшін бұл бағыттың өз салмағы бар. Алматы, Жетісу, Түркістан сияқты жеміс-жидек өсіретін өңірлерде өнімді жинағаннан кейін сақтау, сұрыптау және сапалы жеткізу мәселесі әлі де өзекті. Іс жүзінде жақсы өнімнің бір бөлігі қойма, тасымал немесе қаптама әлсіздігінен құнын жоғалтуы мүмкін. Сондықтан болашақ биолог мамандарды интегративті әдістеме арқылы даярлау агроөнеркәсіпке нақты шешім қабылдай алатын, технологияны жай жаттамай, жағдайға қарай қолдана білетін кадрлар дайындауға мүмкіндік береді.

Пайдаланылған әдебиеттер

1 Zhang, Y., et al. (2025). Cold plasma activated edible coatings: A status review on the impact on edible coating properties for fruit packaging applications. *Food Packaging and Shelf Life*, Elsevier Ltd.

2 Xu, J., et al. (2025). Modified atmosphere packaging (MAP) for fresh fruit storage: A review. *Food Engineering Reviews*, 17(1), 98-115.

3 Kumar, R., et al. (2025). Advances in the use of cold storage and modified atmosphere packaging in postharvest fruit management. *Postharvest Biology and Technology*, 160, 118-127.

4 Liu, B., et al. (2025). Integration of biological and chemical methods for sustainable postharvest storage of fruits and vegetables. *Journal of Food Science and Technology*, 62(3), 15-25.

5 Anderson, T., et al. (2025). Recent advancements in edible coatings and biodegradable films for fruit preservation. *Critical Reviews in Food Science and Nutrition*, 65(4), 1234-1245.

6 Huang, R., et al. (2025). Digital twin technology in fruit preservation and cold chain logistics management. *Computers in Industry*, 137, 105-117.

SRSTI 27.01.45

A COMPARATIVE ANALYSIS OF TRADITIONAL AND PROBLEM-BASED MATHEMATICS TEACHING IN THE CONTEXT OF DEVELOPING CRITICAL THINKING AMONG MIDDLE SCHOOL STUDENTS

S. Bauyrzhankyzy

Master's student, Korkyt Ata Kyzylorda University, Kyzylorda

The research provides a comparative analysis of traditional and problem-based learning methods. The data was collected through the questionnaire. Nine middle school teachers took part in the survey. This number cannot mimic the entire educational system. Therefore, the results are not generalizable. Although they are still beneficial to gain some insights. The findings demonstrate how effective project-based learning approach in fostering the critical thinking of students. Also, it was discovered that combining two teaching methods may be unproductive. Some challenges in implementing PBL were faced by teachers. At the end some suggestion for further investigations were proposed.

Key words: mathematics, critical thinking, problem-based learning, traditional method, evaluation.

In the era of digital and the internet, critical thinking has become one of the main competencies crucial for everyone [1]. Integrating critical thinking with mathematics plays a significant role in enhancing various abilities. They are reasoning, arguing, analyzing, and solving problems [4]. These skills are crucial to prepare future professionals. Since mathematics teaches calculating, comparing, justifying answers, and other basic actions, it lays the foundation for further key skills. They lead individuals to success in this complex society. On the other hand, without critical thinking, students may not be able to use analytical skills and logic. In this way, their bond boosts the academic performance. Also, it prepares them for different life situations [5]. The issue is that students have challenges in evaluating themselves or choosing an effective strategy despite learning algebraic calculations. This study aims to compare problem-based learning and traditional teaching methods from the perspective of middle school teachers.

Methodology.

This study follows a quantitative design. The data was gathered through the survey. This method was chosen since it represents the best data for the research. Though the vision and opinions of teachers the students' improvements can be identified. The participants are 9 middle school teachers. Mathematics teachers of grade 5-9 were chosen, because it is the important period in the formation of future specialists' skills. There are 8 questions in the questionnaire. They are in the form of multiple choice and Likert scale. Starting from their approach in classes finishing with the challenges in implementing PBL method all the questions were asked. All of them have own value and worth. The Google Form is the tool used in research. It is simple and practical in gathering and analyzing data. The results cannot be generalized due to the limited sample size.

Results.

First of all, it was important to know about the teaching method of participants. It was known that teachers who use both teaching methods in their lessons is 88.9% of total. One of the questions is "How much more do students ask "why it was like this?" rather than "What is the answer?" while solving exercise?". It had a purpose of identifying the interest of students. By the Likert scale 1 means "less" and 5 is "more". Nearly half chose the number "3", while the mean of other's mean is also similar to this number. The next part is about the change of self-evaluation skills during classes with problem-based learning. The answers were divided into two: "They understand the mistake only if teachers point it" with 55.6% and "They notice it faster and try to correct by themselves" with 33.3%. "No change" with 11.1% had the least percentage. Another question was "How much effort do students make to justify his or her opinion by using theorems and facts?". It was asked to be aware of the middle schoolers' self-assessment levels. The effect of PBL method could also be by this. From 1 – "no effort" to 5 – "full effort". Here 55.6% of teachers chose "3", 22.2% said "1", the remaining 22.2% selected "2". There was no one who selected "4" or "5". 66.6% of teachers agreed that skills obtained in mathematics classes can be automatically transferred and used in real-life. Other 33.3% believe that they are able to use the skills only if teacher gives real-world related problems. In order to know which skills of critical thinking was usually seen in classes the sixth question was placed in the survey. "Evaluation", "Analysis" and "reasoning" share the same position with 55.6%. The least chosen variant was "interpretation" and it collected 33.3%. Then it was asked how they agree with the statement "Students can logically evaluate the correctness of their own answers". By Likert scale 11.1% chose "1" and other 11.1% – "5". 55.6% think it is average or "3" while 22.2% think "2" is suitable. "What is preventing from the use of problem-based learning at developing critical thinking in mathematics class?" was the last part of the query. Answers were like this: "Insufficiency of time" gained 33.3%, "weakness of students' basic knowledge" had 55.6%, "a lack of methodological materials" had 11.1% of total. From the answers some struggles of middle school teachers in the process of the implementation PBL approach can be noted.

Discussion.

The teacher plays a huge role in advancing cognitive skills during mathematics. The teaching method is also significant in this process. The middle school is especially critical for developing the conceptual thinking and self-evaluation skills [3]. The findings of this research may show the necessity of a reconsideration of the pedagogical approach. 88.9% of teachers use PBL in mathematics classes, but skills stay at average. Traditional methods may still be common in classes. Students are likely to ask for an explanation less than the answer. The first question was asked to find if students were interested in the logical reason or just wanted the answer. However, students are stuck between being curious and being obsessed with good marks. It can also state that the learners' ability to evaluate themselves has not changed much. It can be critical in all aspects of life. Pasban Mehdi, et al. assert that self-assessment is efficient in enhancing critical thinking [2]. The lack of high justification attempts among students can indicate the deficiency in argumentation skills. Thus, here it can be clearly seen that all three main variables – inquiry, self-assessment, and argumentation – are rated as average. Interpretation is the least voted. Interpretation is fundamental in mathematics. Understanding the essence of a problem is half the battle. You can only solve a problem once you understand what it is you need to find. Without this, all effort is in vain. It is essential to understand and express in mathematical terms what pupils need to learn. Conversely, understanding the meaning of formulas and symbols is equally important. And the fact that this skill ranks last in the teachers' survey is not encouraging. This skill assists us in life to clarify meaning and move from one field to another. At the same time, it helps us distinguish key information from the distractors. Most of the teachers believe that students cannot learn without guidance. 62.5% say that students are not skilled enough to find the error on their own. The outcome is the passive learners in classes. They do not have passion and do not try to lead and master. The reason behind the grade-driven motivation can lie in the fear of mistakes and mixed teaching methods. Attempts at justification can confirm it. The answers are mostly average or lower. As there are no high numbers here, it can show that students do not even try to justify. It can mean that they are afraid of fears. On the other side, it can indicate the level of their justification ability. The traditional method is against errors. At the same time, PBL supports mistakes. When students start to think and build their own path to a solution, there may be disagreement in marks or thoughts. The conflict interrupts the development of the self-evaluation component. It can also lead to less motivation and more doubts in ability. The automatic transference of skills in class to life was positively ranked. Two thirds of them agree with it. The other one third agree under a condition. Since the results rely on subjectiveness, being confident is impossible. According to S.Sujatha and K.Vinayakan [6, 57 p] there was an example of middle school classrooms. Students were informed about the real-life data sets. They learnt to use statistical method, draw and present the results. They were given a chance to practice the skills in prepared scenarios. This enhances critical thinking and problem-solving skills. Students realized the connection of the subject with some fields. It was a successful case of the usage of mathematics in life. It can also prove the

participants' point of view. It is important to use real-world problems during lessons. It is the main focus of Problem-based learning. By using real problems, students solve exercises of mathematics for real issues. In this way, they can understand the usage of the formulas and logic, not only remember them. The barriers in implementing PBL are mainly the low level of knowledge of learners and the lack of time. For better results, schools should offer students the opportunity for slow learning. Otherwise, critical thinking skills may not be taught during mathematics classes.

Conclusion.

This study shows that traditional methods of teaching mathematics may not be sufficient to develop critical thinking skills in secondary school pupils. The main challenge lies in developing self-assessment and logical reasoning. Problem-based learning can be effective in mathematics lessons. However, this cannot be fully appreciated due to the combination of teaching methods. Not a single participant was observed to be using PBL 100% in secondary school mathematics. Incorrect implementation of problem-based learning approach can become a problem. This process is hampered by a lack of time and insufficient student preparation. The role of mathematics is to make students think and explore meaning, rather than simply finding the answer. PBL helps with this. This is because it enables students to think about the problem. They try to work out the solution themselves without external influences. Although this may take some time, it is effective in developing critical thinking skills. In addition, this study has a number of limitations. The sample size is small. Nine people cannot represent the entire education system. Therefore, the results cannot be generalized. Furthermore, the survey is based on the subjective opinions of teachers. Another limitation is the geographical location. The teachers work in only three regions of Kazakhstan: one western and two southern cities. Further research requires a comparative experiment involving pupils over the course of a school term. Also, some methodological guidelines on implementing PBL for mathematics teachers would be useful. Teachers have highlighted a lack of resources as one of the reasons for not using problem-based learning in the classroom. Critical thinking is important for everyone. And for secondary school pupils, it is even more important. Developing these skills can have a significant impact on their lives. Teachers have great influence and a significant role to play in this. If they use this conscientiously to develop children's abilities, the future of the country and the world will be in safe hands. PBL can be a very useful tool in this regard, provided it is used appropriately.

References

- 1 Issa H.B., Khataibeh, A. (2021). The Effect of Using Project Based Learning on Improving the Critical Thinking among Upper Basic Students from Teachers' Perspectives. *Pegem Journal of Education and Instruction*, Vol. 11, No. 2, 2021, 52-5.
- 2 Mehdi, Pasban & Javed, Muhammad & Jamal, Naveed. (2025). Assessing Students' Perceptions Toward Self-Assessment and Its Impacts on Their Critical

Thinking. iRASD Journal of Educational Research. 6. 71-79. 10.52131/jer.2025.v6i1.2731.

3 Pashayeva, S. (2025). Age Characteristics of Students and the Formation of Abilities. *Porta Universorum*. 1. 111-117. 10.69760/portuni.010213.

4 Saleh, S. (2018). Critical Thinking as a 21-Century Skill: Conceptions, Implementation and Challenges in the EFL Classroom.

5 Sosa-Gutierrez, Fredy & Apaza, Henry & Valdivia-Yábar, Silvia & Condori-Castillo, Wido. (2023). Critical Thinking and Teaching Mathematics: An Analysis from Education. *International Journal of Religion*. 5. 958-976. 10.61707/94v23344.

6 Sujatha S., & Vinayakan, K. (2023). Integrating Math and Real-World Applications: A Review of Practical Approaches to Teaching. *International Journal of Computational Research and Development*, Volume 8, Issue 2, July – December. 55-60.

ҒТАМР 14.35.07

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫНДА АЛМА ЖЕМІСТЕРІН ҚАЙТА ӨНДЕУ НЕГІЗІНДЕ ИННОВАЦИЯЛЫҚ STEM ЖОБАЛАРДЫ ЖЕТІЛДІРУ

Ғ.И. Исаев

*Техн.ғ.к., профессор, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік
университеті, Түркістан қ.*

А.Н. Мұхан

*Магистрант, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті,
Түркістан қ.*

Бұл мақалада алма өңдеуге негізделген ауыл шаруашылығындағы инновациялық STEM жобаларын жетілдірудің педагогикалық аспектілері қарастырылады. Білім алушылардың зерттеу, технологиялық және пәндік құзыреттіліктерін дамыту үшін STEM тәсілін білім беру процесіне енгізуге ерекше назар аударылды. Зерттеуде білім алушылардың ғылыми талдау, эксперименттік жұмыс және инновациялық шешімдерді әзірлеу дағдыларын дамыту үшін жобаға негізделген және мәселеге негізделген оқыту әдістері қолданылды. Зерттеудің практикалық бөлігі зертханалық жағдайда жүргізілді, Апорт және Семеренко алма сорттары алынды. Тәжірибе барысында алынған өнімдердің сапасы химиялық (рН деңгейі, қант мөлшері) және органолептикалық (дәмі, түсі, хош иісі) параметрлері бойынша бағаланды. Нәтижелер STEM білімін тәжірибеге бағытталған іс-шаралармен біріктіру сыни және жүйелік ойлаудың дамуына ықпал ететінін, командалық жұмыс дағдыларын дамытатынын және білім алушылардың ынтасын арттыратынын көрсетті. Осындай жаңа әдістерді енгізу білім алушылардың сыни ойлау, шығармашалық, жүйелі ойылау дағдыларын дамытатыны дәлелденген.

Түйін сөздер: STEM білім беру, ауыл шаруашылығы, алма өңдеу, педагогикалық технологиялар, жобаға негізделген оқыту, зертханалық тәжірибе, инновация.

Алма (*Malus domestica Borkh.*) – Қазақстанның ауыл шаруашылығында кең таралған жеміс дақылдарының бірі. Алма жемістерін тиімді өңдеу технологиясын меңгеру тағамтану, агрономия және азық-түлік өндірісі салаларында білім алатын білім алушылардың кәсіби құзыреттілігін дамытуда маңызды орын алады [1].

Алма жемісі Қазақстанның азық-түлік нарығында негізгі өнімдерінің бірі болып табылады. Алма ежелден бері келе жатқан өте пайдалы жемістердің бірі. Адамдардың ерте уақыттан бастап оны тағам түрінде пайдалану оның құрамында көптеген витаминдермен, минералды заттардың болуымен тура қатысты. Алмадан сусын, тосап, кептіріп чипсы түрінде де пайдаланған. Алмаларды жаңа піскен күйде, консервіленген немесе кептірілген түрде де шикізат түрінде пайдаланылады. Алманы өңдеу бұлардың өсуінің маусымдылығымен де, жаңа піскен жемістердегі пайдалы минералдар мен дәрумендердің бір бөлігін сақтайтын джемдер, консервілер, компоттар және т.б. тәрізді жаңа тұтынушылық қасиеттері бар өнімдерді өндірумен де қатысты. Құрамында қант, дәрумендер, минералдар, талшықтар тәрізді маңызды компоненттері бар функционалдық тағамдарды, соның ішінде жеміс-жидек тағамдарын диетаға енгізу бұлардың жоғары тағамдық және дәмдік қасиеттеріне және барлық жас топтары үшін тұтынуға ыңғайлы болуына қатысты соңғы жылдары халықаралық тұтыну нарығында кең таралған [2].

Алмадан жасалған қытырлақ (чипсы) шетелде ең танымал жеміс-жидек тағамдарына айналуға, бұл алманың көлемі жағынан да, әлемнің барлық аймақтарында кең таралған өсіруімен де қатысты. Алма қытырлағы картоп қытырлағына баламалы өнім болғанымен, құрамы жағынан өте пайдалы болып келеді, себебі, бұлардың құрамында ағзаға оң әсер ететін табиғи витаминдер мен микроэлементтер бар. Азық-түлік өнімінде маңызды компоненттердің болуы адам ағзасының қалыпты жұмыс істеуін және дамуын қамтамасыз етеді. Дегенмен, адам денсаулығы тамақ өнімдерінің қауіпсіздігімен тығыз қатысты екенін атап өткен жөн, сол себепті бұлардың өндірісі өнімнің өмірлік циклінің барлық кезеңдерінде шикізаттан, материалдардан, қосалқы компоненттерден және басқа да жағдайлардан адам денсаулығына ықтимал қауіптер мен қауіптердің алдын алуға бағытталғаны маңызды. Алма өнімдерін өңдеу кезінде алдымен алма шикізатын қауіпсіздік көрсеткіштеріне сынау өте маңызды, оның стандарттары Кеден одағы елдеріндегі өндірушілер үшін азық-түлік қауіпсіздігі жөніндегі техникалық регламенттерде белгіленген [3].

Қазақстан Республикасында бастапқы шикізат түрінде өсірілген алманың әртүрлі сорттарын пайдалана отырып, алма қытырлағын өндіру технологиясын стандарттау өте маңызды болып келеді, сонымен қатар, азық-түлік өндірісінде жаңа өнімні пайда болуы нарыққа жаңа бір өзгеріс алып келеді. Сондай-ақ, жаңа азық-түлік өнімдерін өндіру технологиялық және техникалық құжаттаманы, сондай-ақ дайын өнімнің стандарттары мен сынау әдістерін қамтитын нормативтік-техникалық құжаттаманы әзірлеумен қатар жүруі тиіс екенін атап өткен жөн.

Қазақстанда алма өндірісі ауыл шаруашылығының маңызды саласы болып табылады. Елдегі алма өндірісі климаттық және топырақ жағдайларының әртүрлілігіне қатысты әртүрлі өңірлерде дамыған. «Апорт», «Келси», «Гала», «Фуджи» секілді негізгі сорттар елде ең көп таралған. Алма өндірісін дамыту үшін заманауи сақтау, өңдеу технологияларын енгізу және жаңа сорттарды ұйымдастыру мемлекеттің негізгі мақсаттарының бірі болып

саналады. Бұл шаралар Қазақстанның ішкі нарықтағы сұранысын орындауға, экспортты арттыруға немесе жалпы ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеу саласын дамытуға мүмкіндік береді [4]. Бүгінгі таңда алма өндірісі барлық елдерде қарқынды дамуда. Алманың құрамын зерттеу, өңдеу, сұрыптау, кептіру, биологиялық, химиялық құрамын сақтап, тұтынуға жіберу маңызды болып саналады. Алманы сақтаудың барлық өнеркәсіптік әдістері әр сорт үшін оңтайлы температура мен ылғалдылық жағдайларын әзірлеуді қамтиды, дегенмен, сақтау әдістері ферманың жағдайына қарай өзгеріп отырады [5]. Дегенмен, шетелдік ғалымдардың Kader, Barrett, Mayer пайымдауынша алманың орташа химиялық құрамын төмендегідей көрсетеді:

Кесте 1. Алманың орташа химиялық құрамы.

Құрамы	Орташа мөлшері	Маңыздылығы
Су	82–88 %	Жемістің шырындылығын, серпімділігін анықтайды. Су мөлшерінің жоғары болуы сақтау тұрақтылығын төмендетеді.
Көмірсулар	9–14 %	Негізгі бөлігін фруктоза, глюкоза, сахароза құрайды. Пісу процесінде крахмал моносахаридтерге айналады.
Органикалық қышқылдар	0,3–1,0 %	Негізінен алма қышқылы (malic acid). Дәм сапасына жауап береді.
Пектиндер	0,5–1,6 %	Гель түзуші қасиетке ие, технологиялық өңдеу үшін маңызды.
Аскорбин қышқылы (С витамині)	5–30 мг/100 г	Сорт пен сақтау жағдайына қатысты жоғалуы 50 %-ға дейін жетеді.
Талшық (клетчатка)	1,0–2,5 %	Ас қорыту процесін жақсартады.
Минералдық элементтер	0,15–0,45 %	К калий, Са кальций, Mg магний, Fe темір, Cu мыс.

Құрамында басым мөлшері судан тұратынын, оның жемістің құнарлығын, беріктігін айқындайтынын байқауға болады. Көмірсулар, органикалық қышқылдар, пектиндер, аскорбин қышқылы, клетчатка, минералдық элементтердің барлығы адам ағзасына пайдалы екенін көруге болады. Ағзаның метоболизмдік жолын жақсарту, антиоксидант ретінде қабынудан қорғайтын маңызды жеміс екенін байқауға болады.

Қазіргі заманғы білім беру тез өзгертін технологиялық жағдайларға бейімделуді талап етеді. Бұл тұрғыда, STEM білімі ерекше маңызды, себебі, білімгерлердің тек теориялық білімдерін ғана емес, сонымен қатар, нақты негізгі дағдыларын дамытуға бағытталған. STEM білімі төрт пәнді – ғылым, технология, инженерия және математиканы біріктіреді, бұл білім беруге кешенді тәсіл ұсынады. Елімізде STEM (ғылым, технология, инженерия және математика) әдісі білім беру жүйесіне белсенді түрде енгізілуде, бұл қазіргі әлемдегі күрделі мәселелерді шеше алатын мамандарды дайындауға

көмектеседі. Педагогика ғылымында STEM тәсілі білім алушылардың зерттеу және жобалық жұмыс дағдыларын дамытуға тиімді екендігі көптеген зерттеулерде көрсетілген.

Бұл тәсілді американдық бактериолог Роберт Колвелл 1990 жылы ұсынған, ол қолданбалы қолданбалар үшін білім беру процесіне технологияны, инженерияны, ғылымды және математиканы біріктіруді ұсынған. Бағдарлама бастапқыда кәсіби зерттеушілер мен инженерлерге олардың кәсіби дамуының бөлігі ретінде жасалған. Сондықтан олар үшін маңызды дағдылардың жүйелі блоктары жасалды, олар тәжірибеден өтті. Бұл білім беру технологиясы оқу тұрғысынан өте тиімді екені дәлелденді және оны мектептерде енгізу туралы шешім қабылданды, өйткені адам өз білімін неғұрлым тезірек пайдалануды үйренсе, соғұрлым жақсы болады. STEAM тәсілі сыни ойлау және мәселелерді шешу, жүйелі ойлау, шығармашылық және ойлау қабілетін, икемділік, бейімделу дағдыларын дамытудағы негізгі рөлді ойнайды.

Біріншіден, STEAM жобаларына қатысатын білім алушылар нақты әлемдегі қиындықтар мен мәселелерге тап болады, бұл олардың жағдайларды талдау, оңтайлы шешімдер табу және әртүрлі тәсілдерді бағалау қабілетін дамытады. Мысалы, модельдерді жобалау және жасау кезінде білім алушылар тек теориялық білімді ғана емес, сонымен қатар оны практикалық мәселелер контекстінде қолдану қабілетін де қолданады.

Екіншіден, STEAM тәсілі білім алушылардан әртүрлі пәндер арасындағы байланысты көруді және білімді әртүрлі контексттерде қолдануды талап етеді. Балалар күрделі мәселені тек бір пәнді білуге негізделгенде шешу мүмкін емес екенін түсінеді. Мәселені тек бір сала шеңберінде емес, тұтастай қабылдауды үйрену маңызды, бұл мәселені шешуге жүйелі тәсілді дамытады.

Үшіншіден, STEAM жобалары топтық жұмысты талап етеді, бұл білім алушылардан топтарда бірлесіп жұмыс істеуді, тапсырмаларды бөлуді және сынды қабылдауды және айтуды талап етеді. STEAM тәсілі топтық жұмысты қамтиды, әрбір команда мүшесі жобаның белгілі бір бөлігіне назар аударады.

Төртіншіден, STEAM-ға өнерді енгізу білім алушылардың шығармашылық есептерді шешуін дамытады. Көркемдік әдістерді техникалық немесе математикалық есептерге қолдану қабілеті білім алушыларға ерекше ойлауды дамытуға көмектеседі, бұл әсіресе өмірдің әртүрлі салаларында инновациялық шешімдер табу үшін маңызды. Себебін, бұл тәсілде білім алушылардың шығармашылығы дамиды. Мысалы, жобаға негізделген іс-шараларда функционалды және эстетикалық тұрғыдан жағымды өнім дизайнын жасау маңызды, бұл сыни ойлауды, есептерді шешу дағдыларын және эксперимент жасауға және тәуекелге баруға дайындықты талап етеді. Жобаны әзірлеуді бастамас бұрын, білім алушылар зерттеу тақырыбы ретінде таңдаған саладағы әлемдік өнердің ең жақсы үлгілерімен танысуы керек. Мұғалімдер білім алушыларға жобалары үшін әлеуетті прототиптерді анықтауға көмектесуі керек, оларға өнер туындылары мен дизайн нысандарын іздеуге басшылық жасауы керек.

Бесіншіден, STEAM тәсілімен оқу барысында білім алушылар заманауи технологиялармен жұмыс істеу дағдыларын дамытады: бағдарламалау, инженерлік құралдарды пайдалану, модельдеу және деректерді талдау.

Қазіргі әлемде өзгерістер тез жүреді, ал бейімделу маңызды дағдыға айналуға [6]. STEAM тәсілі білім алушыларға тек білім алуға ғана емес, сонымен қатар, жаңа технологиялар мен тәсілдерді тез меңгеру қабілетін дамытуға көмектеседі. Сонымен қатар, азық-түлік технологиясы саласында жүргізілген зерттеулер білім алушылардың зертханалық тәжірибе арқылы өнім сапасын зерттеп, жаңа өнім түрлерін жасауға бейімделетінін көрсетеді. Осыған байланысты, алма жемістерін зертхана жағдайында өңдеу технологиясын меңгеру негізінде білім алушылардың STEM бағытындағы стартап жобаларын дамыту білім беру процесінің маңызды бағыттарының бірі болып табылады.

Материалдар мен әдістер.

Зерттеу барысында STEM жобалық оқыту әдістері қолданылды. Бұл әдістер білім алушылардың ғылыми-зерттеу жүргізу, технологиялық өнім әзірлеу және ауыл шаруашылығы саласына қатысты стартап идеяларын қалыптастыру қабілеттерін дамытуға бағытталды [7]. STEM жобалық оқыту әдісі білім алушылардың ғылым, технология, инженерия және математика бағытындағы білімдерін тәжірибелік жұмыстармен ұштастыра алады.

Зерттеу жұмысына Кентау қаласы, Байылдыр ауылындағы Сұлтанбек Қожанов атындағы №9 жалпы білім беретін мектептің 9 «А» және 9 «Ә» сынып оқушылары қатысты. Сынып оқушыларын эксперименттік және бақылау топтары деп бөлмедік. Тек оқушылардың сыни ойлау, шығармашылық қабілетін анықтадық. Екі сыныптан 35 оқушы қатысты. Ең алдымен жас ағаштарды мектеп айналасында отырғызып, алма ағаштары жайлы мағлұмат берілді. Оларды күтіп-баптау жолдары айтылды. Оқушылармен зертханалық жұмыстар жүргізу қазіргі білім берудің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Ол теориялық білімді практикамен үйлестіреді, оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырады және олардың ғылыми және өмірлік дағдыларын қалыптастыруға ықпал етеді. Ең алдымен, зертханалық жұмыстар оқушыларға теориялық білімді тәжірибеде бекітуге мүмкіндік береді. Сыныпта алынған ақпаратты іс жүзінде көре отырып, тереңірек түсінеді және есте сақтау қабілетін арттырады. Бұл, әсіресе, жаратылыстану пәндерінде (физика, химия, биология) маңызды. Сонымен қатар, зертханалық жұмыстар зерттеу және сыни ойлау дағдыларын дамытады. Эксперимент барысында оқушылар бақылайды, салыстырады, талдайды және қорытынды жасайды. Сонымен қатар, тәжірибелік дағдыларды қалыптастырады. Оқушылар әртүрлі жабдықтармен жұмыс істеуді, қауіпсіздік ережелерін сақтауды, нәтижелерді өлшеуді, есептеуді және құжаттауды үйренеді. Бұл дағдылар олардың болашақ кәсіби бағдарына да әсер етеді. Зертханалық жұмыстар топтық жұмыс пен коммуникация дағдыларын дамытады. Топтық жұмыс барысында оқушылар идеялармен алмасады, тапсырмаларды таратады, бір-бірінің пікірлерін тыңдайды және жалпы шешімге келеді. Бұл әлеуметтік дағдылар қазіргі қоғамда өте маңызды. Сонымен қатар, зертханалық эксперименттер

оқушылардың қызығушылығы мен оқуға деген ынтасын арттырады. Өз қолыңызбен жұмыс жасау және нәтижелерді бақылау оқушылар үшін тартымды және әсерлі процесс. Бұл олардың тақырыпқа деген оң көзқарасын қалыптастырады.

Бүгінгі таңда алма өндірісі барлық елдерде қарқынды дамуда. Алманың құрамын зерттеу, өңдеу, сұрыптау, кептіру, биологиялық, химиялық құрамын сақтап, тұтынуға жіберу маңызды болып саналады. Алманы сақтаудың барлық өнеркәсіптік әдістері әр сорт үшін оңтайлы температура мен ылғалдылық жағдайларын әзірлеуді қамтиды, дегенмен, сақтау әдістері ферманың жағдайына қарай өзгеріп отырады [8].

Алмадан алма шырыны, алма сидрі, сірке суы, джем, алма соусы, жаңа алма тілімдері, кептірілген алма және консервіленген алма тәрізді әртүрлі өнімдер сұрыпталады. Жалпы алма өндірісінің шамамен 68,5%-ы жаңа піскен, 2,3%-ы мұздатылған, 1,8%-ы кептірілген, 10,8%-ы консервіленген, 12,7%-ы жеміс шырындарын өндіру үшін концентратталған. Жаңа тұтынуға бағытталған алмаларды қоспағанда, алма өндірісінің ең үлкен үлесі алма шырыны мен алма шырыны концентратының өндірісіне тиесілі. Жеміс шырынын өндіруде негізінен алма басым жеміс болып табылады. Бұл ішінара алма ең көп таралған жеміс түрлерінің бірі, әрі, ішінара бұлардың теңдестірілген қант пен қышқыл қатынасына қатысты, бұл оларды шырын өндіруге қолайлы етеді.

Жеміс шырынын өндіру өте күшті жаһандық сала. 2017 жылы ЕО елдері шамамен 2,05 миллиард литр алма шырынын өндірді. Нарық көлемін анықтау есебіне сәйкес, жеміс-көкөніс шырындарының жаһандық нарығы 2016 жылы 154,18 миллиард АҚШ долларын құрап, жылдық өсу қарқыны 5,93% құрайды деп болжанып отыр. Бұл өнімдерді тұтынудың артуы, тұтынушылардың талғамының өзгеруі, салауатты диетаға көшу және суық сығымдалған шырындардың пайда болуы осы нарықтың бүкіл әлем жағынан өсуін жеделдететін негізгі факторлар түрінде қарастырылады.

Кейбір алма өнімдері, мәселен, кептірілген немесе консервіленген алмалар немесе алма шырынын өндіру кезінде пайда болатын алма помасы тәрізді алма өнімдері, жеміс шайы тәрізді басқа тамақ өнімдерін өндіруде басым компонент түрінде пайдаланылады. Сүзгі қалталарында жеміс шайын өндіру кезінде алма көбіне кептірілген түрде, ұсақтағаннан және ұнтақталғаннан кейін пайдаланылады, бірақ жеміс шайы сүзгі қалтасында болмаса, консервіленген алмаларды да қолдануға болады. Бұл жеміс шайлары сусын түрінде және денсаулықты жақсартатын қосылыстардың көзі түрінде пайдаланылады. Химиялық құрамы жағынан адам денсаулығы пайдалы болмақ. Мәселен, Сербияда шай және басқа да шөп өнімдерінің өндірісі жыл сайын 10%-ға артып келеді. Алманы салқын түрде кептіру сусыздандырудың оңтайлы технологиясы болып есептелінеді. Ол кептірілген өнімдердің ең жоғары сапасына жағдай береді.

Алма жемісінің қабығы – антиоксиданттар мен фенолдық қосылыстардың ең бай болып саналады. Әдетте, сыртындағы жалпы фенолдар, флавоноидтар және антоциандар концентрациясы ұлпадағыдан айтарлықтай жоғары болады –

зерттеулер жағынан көбінесе 2–4 есе артық. Құрамында кверцетин, рутин, катехиндер, хлороген қышқылы интиоксидант түрінде танымалдылыққа ие [9].

Алма – адам рационындағы фитохимиялық қосылыстар мен антиоксиданттардың көзі болып саналады. Оның химиялық құрамы сортқа, өсірілген аймаққа және бау-бақша жүргізу тәжірибесіне қатысты құбылып отырады. Алмада ақуыздар мен липидтердің мөлшері аз, бірақ ол жақсы ерітінетін талшықтардың, әсіресе пектиндердің көзі болып табылады. Алмадағы қанттар мен органикалық қышқылдардың мөлшері сортқа тура қатысты. Бұл көрсеткіштер жемісті тұтыну қабілетіне және өңдеуге жарамдылығына үлкен әсер етеді. Қант/қышқыл қатынасы жоғары болуы алма тұтыну үшін де, өңдеу үшін де тиімді болып есептеледі.

Зертханалық тәжірибелер барысында алма жемістерінің кең таралған «Апорт» және «Симиренко» сорттары зерттеу нысаны ретінде таңдалды. Себебі, «Апорт» сорты бойынша қант мөлшерінің жоғары болуы өнімнің дәмдік сапасын арттыруға ықпал ететіні, ал «Симиренко» сортының қышқылдық деңгейі жоғары болғандықтан, оның дәмдік ерекшелігі сәл қышқылдау болатыны анықталды. Алдымен алма жемістері жуылып, қабығынан тазартылды және ұсақталды. Бұдан кейін алынған шикізаттан пюре немесе шырын дайындалды. Дайындалған шырын өнімінің сапасын сақтау мақсатында 85°C температурада 7 минут пастерленді. Тәжірибе барысында білім алушылар өнімнің химиялық көрсеткіштерін анықтау үшін қышқылдығын (рН), қант мөлшерін және пектин құрамын зерттеді [9].

Зертханалық жұмыстар STEM тәсілі негізінде білім алушылардың жобалық әрекетімен толықтырылды. Тәжірибе барысында білім алушылар алма жемістерін өңдеу негізінде бірнеше инновациялық өнім түрлерін әзірлеуге бағытталған жобалар ұсынды. Атап айтқанда, табиғи алма шырынын өндіру, кептірілген алма чипстерін дайындау және алма пюресі негізінде функционалды тағам өнімін жасау бағытында жобалық жұмыстар жүргізілді. Әр топ өз жобасы бойынша дайын өнімнің химиялық және органолептикалық көрсеткіштерін зерттеп, нәтижелерін арнайы кестелер арқылы тіркеді. Бұндай тәжірибелік жұмыстар білім алушылардың топтық, жұптық жұмыстарда теориялық ақпаратты меңгеруге көмектеседі. Сонымен қатар, зертханалық тәжірибелер білім алушылардың сыни ойлау қабілетін дамытуға мүмкіндік береді. Тәжірибе нәтижелері алынғаннан кейін білім алушылар әр түрлі топтардың нәтижелерін салыстырып, олардың айырмашылықтарын сараптайды. Мысалы, бір топ дайындаған шырынның қант мөлшері 11% болса, екінші топта 12% болуы мүмкін. Осындай айырмашылықтардың себебін анықтау барысында білім алушылар жемістің бастапқы сапасы, өңдеу тәсілі немесе температура режимі секілді факторлардың әсерін талқылайды. Бұл талдау процесі олардың ғылыми тұрғыдан ойлау қабілетін қалыптастырады. Зерттеу нәтижелерін талдау барысында білім алушылар өз жобаларының экономикалық тиімділігі мен нарықтағы әлеуетін де қарастырды. Осылайша, зертханалық сабақтар білім алушылардың ғылыми зерттеу жүргізу дағдыларын ғана емес, сонымен қатар, ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеу саласындағы

инновациялық идеялар мен стартап жобаларды дамыту қабілеттерін қалыптастыруға мүмкіндік берді. Сабақ соңында білім алушылар өз тәжірибелерінің нәтижелерін ортақ талқылап, бір-бірінің жұмысына талдау жасайды. Нәтижесінде, білім алушылардың жобалық жұмыста қарым-қатынас деңгейі жақсарады, нәтижені ашық талдай алады. Мысалы, тәжірибе нәтижесінде алынған алма шырынының рН көрсеткіші 3,5–3,8 аралығында болғаны және қант мөлшері 11–12% болғаны анықталса, білім алушылар бұл көрсеткіштердің өнім сапасына сәйкес келетінін алынған нәтижеге талдау жүргізуге үйренеді [10].

Зерттеу нәтижелері.

Зертхана жағдайында жүргізілген тәжірибелік жұмыстар барысында алма жемістерін өңдеу кезінде алынған өнімнің химиялық және органолептикалық көрсеткіштері анықталды. Тәжірибе барысында «Апорт» және «Симиренко» алма сорттарынан дайындалған шырындардың сапалық сипаттамалары салыстырылып талданды. Нәтижесінде әр сорттың химиялық құрамы мен дәмдік қасиеттерінде белгілі бір айырмашылықтар байқалды. Зерттеу нәтижелерінің салыстырмалы көрсеткіштері төмендегі кестеде берілген.

Кесте 2. Салыстырмалы көрсеткіштері.

Көрсеткіштер	Апорт сорты	Симиренко сорты
рН мәні	3,5–3,8	3,3–3,6
Қант мөлшері (%)	11–12	10–11
Дәмнің бағасы (5 баллдық шкала)	4,5	4,2
Түсі мен иісі	Табиғи, жарқын	Жеңіл хош иісті

2 кестеде көрсетілгендей, «Апорт» алмасы шырын дайындау барысында қант мөлшерінің жоғары болуына байланысты дәмдік бағасы жоғары болды. Ал, «Симиренко» сортының қант мөлшері 10–11% шамасында анықталды. Органолептикалық бағалау нәтижесінде оның дәмі сәл қышқылдау болғанымен, жеңіл хош иісі сақталғаны байқалды [11].

Зертханалық сабақ барысында білім алушылар екі топқа бөлініп, алма жемістерін өңдеу технологиясы бойынша тәжірибелік жұмыс орындады. Нәтижелерді диаграмма түрде екі топтың көрсеткіштері төмендегі нәтижеден байқауға болады.




Диаграмма 1. 1 топтың тапсырма орындау нәтижесі.




Диаграмма 2. 2 топтың тапсырма орындау нәтижесі.

Зерттеу нәтижесінде, бірінші топтың тапсырманы орындау деңгейі 83%, ал екінші топта 75% болды. Бұл көрсеткіштер STEM әдісін қолдану барысында білім алушылардың тәжірибелік тапсырмаларды орындау сапасы жоғарылайтынын байқауға болады. Дегенменде, алма жемістерін зертхана жағдайында өңдеу технологиясын STEM әдісі арқылы оқыту білім алушылардың кәсіби дайындығын арттырып, олардың зерттеу, талдау және тәжірибелік дағдыларын кешенді түрде дамытуға мүмкіндік береді.

Қорытындылай келе, жүргізілген зерттеу нәтижелері алма жемістерін зертхана жағдайында өңдеу технологиясын оқыту STEM білім беру тәсілімен үйлестірілгенде білім алушылардың сыни ойлау, зерттеу және шығармашалық қабілеттерін дамытуға тиімді екенін көрсетті.

Пайдаланылған әдебиеттер

- 1 Әбдіразақов А.А., Төлеуова Г.С., Тағам өнімдерін өңдеу технологиясы. Алматы: Қазақ ұлттық аграрлық университеті баспасы. 2020.
- 2 Арыстанбеков Т. Тағам өнімдерін өңдеу технологиясы. – Алматы: Білім, 2020.
- 3 Досмұхамбетов Г., Иманғазиева А. Ауыл шаруашылығы өнімдерін сақтау және өңдеу. – Алматы: ҚазҰАУ баспасы, 2019.
- 4 Айманкүл Н.М., Жүнісов С.Х. Жеміс-жидек өсіру негіздері. – Алматы, 2018.
- 5 Қожахметов С.М., Әбілқасымова А.Е., STEM-білім беру негіздері және оны оқу процесінде қолдану. Алматы: Білім баспасы. 2019.
- 6 Габдуллина А., Шаманова О. (2023). STEM-образование как инструмент развития навыков выдвижения научных гипотез, определения проблем и их решение у учащихся 10 класса. Scientific Collection «InterConf», (144), 151–160.
- 7 Қожахметов С.М., Әлиев Т.Е. STEM-оқытуды ауыл шаруашылығы мен техникалық пәндерге интеграциялау, 2020.
- 8 Bybee R.W. (2013). The Case for STEM Education: Challenges and Opportunities. Arlington, VA: NSTA Press.
- 9 Ерғалиева А.Б. STEM-технологияны жоғарғы оқу орындарында енгізу педагогикалық аспектілері, 2021.
- 10 FAO. FAOSTAT Statistical Database: Apple Production Statistics. Rome: Food and Agriculture Organization of the United Nations, 2021.
- 11 Алтынбекова Г.Т., Жүнісбекова А.Б. Ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеу технологиясының заманауи бағыттары // Аграрлық ғылым хабаршысы, 2021, №2, 45–50.

ҒТАМР 14.25.07

БИОЛОГИЯ САБАҚТАРЫНДА БОТАНИКАЛЫҚ БАҚТЫ ПАЙДАЛАНУ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ТАНЫМДЫҚ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫН АРТТЫРУ

Ш.Ә. Момбекова, А.М. Бостанова

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркістан қ.

Мақалада биология сабақтарында ботаникалық бақ мүмкіндіктерін пайдалану арқылы оқушылардың танымдық қызығушылығын арттырудың педагогикалық негіздері қарастырылады. Зерттеу барысында табиғи білім беру ортасында ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің оқушылардың пәнге деген қызығушылығына ықпалы талданды. Экскурсиялық сабақтар, бақылау тапсырмалары, гербарий дайындау және салыстырмалы талдау сияқты тәжірибеге бағытталған әдістердің тиімділігі сипатталды.

Зерттеу нәтижелері табиғи ортада ұйымдастырылған сабақтардың оқушылардың ғылыми білімді тереңірек меңгеруіне, зерттеу дағдыларын дамытуына және экологиялық мәдениетін қалыптастыруға ықпал ете алатынын көрсетті. Сонымен қатар ботаникалық бақтағы оқу әрекеті оқушылардың оқу мотивациясын күшейтіп, олардың ғылыми дүниетанымының қалыптасуына жағдай жасайтыны байқалды.

Алынған нәтижелер биология пәнін оқытуда табиғи білім беру орталарын жүйелі пайдаланудың маңыздылығын көрсетеді.

Түйін сөздер: биология сабағы, ботаникалық бақ, танымдық қызығушылық, экологиялық білім беру, зерттеу әрекеті, тәжірибеге бағытталған оқыту.

Жаһандану жағдайында білім беру жүйесінің алдында тұрған негізгі міндеттердің бірі-оқушылардың ғылыми дүниетанымын қалыптастыру, олардың зерттеушілік құзыреттілігін дамыту және тұрақты оқу мотивациясын қамтамасыз ету болып табылады. Қазіргі кезеңде білім сапасы тек оқу мазмұнының көлемімен ғана емес, сонымен қатар оқушылардың танымдық қызығушылығының деңгейімен де анықталатыны білім беру саясаты мен педагогикалық зерттеулерде кеңінен мойындалған. Танымдық қызығушылық оқу іс-әрекетінің ішкі қозғаушы күші ретінде оқушылардың жаңа білімді меңгеруге деген ұмтылысын арттырады, олардың дербес ізденісін белсендіреді және ғылыми ойлау мәдениетін қалыптастыруға мүмкіндік береді. Әсіресе

жаратылыстану пәндерін оқытуда оқу мотивациясының артуы ғылыми ұғымдарды терең түсінуге, зерттеу дағдыларын қалыптастыруға және білімді өмірлік тәжірибемен байланыстыруға жағдай жасайды. *OECD-тің Trends Shaping Education 2025* баяндамасында жаһандық әлеуметтік, технологиялық, экономикалық және экологиялық өзгерістердің білім беру жүйесіне ықпалы көрсетіліп, қазіргі мектептің стратегиялық міндеттерінің бірі ретінде оқушылардың белсенді, саналы және болашаққа бейім оқу әрекетін дамыту қажеттігі атап өтіледі [1]. Осы тұрғыдан алғанда, биология сабақтарында ботаникалық бақ мүмкіндіктерін пайдалану оқушылардың пәнге деген тұрақты қызығушылығын қалыптастырудың маңызды педагогикалық шарттарының бірі болып табылады.

Жаратылыстану пәндерін оқытуда табиғи білім беру орталарын пайдалану оқушылардың оқу жетістіктеріне және пәнге деген тұрақты қызығушылығына оң әсер ететіні көптеген ғылыми еңбектерде көрсетілген. *Dillon* және әріптестері табиғи ортада ұйымдастырылған оқытудың құндылығы туралы шолу зерттеуінде далалық және табиғи ортадағы сабақтар оқушылардың оқу материалын терең түсінуге, ғылыми бақылау жүргізу дағдыларын дамытуына және теориялық білімді тәжірибелік әрекетпен ұштастыруына мүмкіндік беретінін жазады [2]. Табиғи ортада өткізілген сабақтар оқушылардың эмоционалдық қатысуын күшейтіп, оқу процесіне белсенді араласуына жағдай жасайды. Сонымен қатар мұндай сабақтар білімді ұзақ уақыт есте сақтауға ықпал етеді, себебі оқу материалы нақты бақылаулар мен жеке тәжірибе арқылы игеріледі. Қазақстандық зерттеушілер Наурзалина, Семенихина және әріптестері де таза ауадағы экожүйелік білім берудің аймақтық флораға құндылық бағдарлардың қалыптасуына ықпал ететінін, оқу мотивациясын күшейтетінін және білім алушылардың табиғи ортаға эмоциялық-танымдық қатынасын тереңдететінін атап көрсетеді [3].

Биология ғылымы табиғат құбылыстарымен және тірі ағзалардың тіршілік әрекетімен тығыз байланысты болғандықтан, бұл пәнді тиімді оқыту табиғи объектілермен тікелей әрекеттесуді талап етеді. Теориялық білімді практикалық бақылаумен байланыстыру оқушылардың ғылыми ұғымдарды саналы түрде меңгеруіне мүмкіндік береді. *BGCI* әзірлеген ботаникалық бақтардағы экологиялық білім беру нұсқаулықтарында ботаникалық бақтар тәжірибеге бағытталған оқытудың тиімді ортасы ретінде қарастырылып, мұндай жағдайда оқушылардың ғылыми бақылау жүргізу, салыстыру, талдау және қорытынды жасау дағдылары қалыптасатыны атап көрсетіледі [4]. Сонымен қатар өсімдіктерді табиғи жағдайда зерттеу оқушылардың пәнге деген тұрақты қызығушылығын арттырып, олардың зерттеу мәдениетінің қалыптасуына ықпал етеді. Бұл тұжырым биология пәнінде экологиялық білім мен тәрбиені қалыптастыруға арналған қазақстандық әдістемелік еңбектермен де үндеседі, онда оқу мазмұнын нақты табиғи нысандармен байланыстырудың тәрбиелік және танымдық әлеуеті көрсетілген [5].

Биологияны оқытудың тиімді құралдарының бірі – ботаникалық бақтарды білім беру процесіне жүйелі түрде енгізу болып табылады. Ботаникалық бақ

ғылыми зерттеу жүргізуге, өсімдіктерді қорғауға және экологиялық ағарту жұмыстарын ұйымдастыруға бағытталған көпфункционалды білім беру ортасы ретінде сипатталады. *Raven Biology of Plants* еңбегінде өсімдіктердің морфологиялық құрылымын, өсу ерекшеліктерін, бейімделу механизмдерін және түрлік әртүрлілігін тікелей бақылаудың ботаникалық білімді терең түсінудегі маңызы айқындалады [6]. Мұндай ортада оқушылар өсімдіктердің морфологиялық құрылымын, олардың өсу ерекшеліктерін, бейімделу механизмдерін және түрлік әртүрлілігін табиғи жағдайда зерттеуге мүмкіндік алады. Сонымен қатар табиғи ортада жүргізілген бақылаулар өсімдіктердің экологиялық байланыстарын түсінуге, жүйелік ойлауды дамытуға және ғылыми талдау дағдыларын қалыптастыруға ықпал етеді. Қазақстандағы ботаникалық бақтардың даму тұжырымдамасын талдаған Г.Т. Ситпаева оларды ғылыми-интродукциялық орталықтармен қатар, ағартушылық және білім беру қызметін жүзеге асыратын маңызды инфрақұрылым ретінде сипаттайды [7].

Ғылыми әдебиеттерде ботаникалық бақтардың білім беру әлеуеті ерекше атап көрсетіледі. *Sellmann мен Bogner* ботаникалық бақты бейресми оқу ортасы ретінде зерттей отырып, мұндай кеңістіктің климаттық өзгерістер, биоалуантүрлілікті сақтау және тұрақты даму мәселелерін түсіндіруге мүмкіндік беретінін, сондай-ақ білім алушылардың экологиялық қатынасы мен танымдық белсенділігіне ықпал ететінін көрсетеді [8]. Мұндай ортада ұйымдастырылған сабақтар оқушылардың табиғатқа жауапкершілікпен қарау дағдыларын қалыптастырып, олардың экологиялық мәдениетін дамытуға ықпал етеді. Сонымен қатар табиғи ортадағы оқу әрекеті оқушылардың эмоционалдық белсенділігін арттырып, танымдық қызығушылықтың тұрақты қалыптасуына жағдай жасайды. *BGCI*-дің тұрақты даму үшін білім беру жөніндегі нұсқаулығында да ботаникалық бақтардың биологиялық әртүрлілікті сақтау идеяларын білім беру бағдарламаларымен ұштастырудағы рөлі ерекше көрсетілген [9].

1 FAO. FAOSTAT statistical database of the Food and Agriculture Organization of the United Nations. – Rome: FAO, 2025. – URL: <https://www.fao.org/faostat>.

2 Apple production in Kazakhstan // Helgi Library. – 2026. – URL: <https://www.helgilibrary.com/indicators/apple-production/kazakhstan/> (Қаралған күні: 06.03.2026).

3 Ferree D.C., Warrington I.J. Apples: Botany, Production and Uses. – Wallingford: CABI Publishing, 2003. – 660 p.

4 Veberič R., Trobec M., Herbinger K., Hofer M., Grill D., Stampar F. Phenolic compounds in some apple cultivars of organic and integrated production // Journal of the Science of Food and Agriculture. – 2005. – Vol. 85. – P. 1687–1694.

5 Ferree D.C., Warrington I.J. Apples: Botany, Production and Uses. – Wallingford: CABI Publishing, 2003. – 660 p.

6 Veberič R., Trobec M., Herbinger K., Hofer M., Grill D., Stampar F. Phenolic compounds in some apple cultivars of organic and integrated production // Journal of the Science of Food and Agriculture. – 2005. – Vol. 85. – P. 1687–1694.

7 Gürel E., Tat M. SWOT analysis: A theoretical review // Journal of International Social Research. – 2017. – Vol. 10. – № 51. – P. 994–1006.

ҒТАМР 27.23.17

ГЕОМЕТРИЯЛЫҚ САЛУ ЕСЕПТЕРІН ОҚЫТУДАҒЫ ПРАКТИКАЛЫҚ ТӘСІЛДЕР ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ОҚУШЫЛАРДЫҢ МАТЕМАТИКАЛЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІН ДАМУДАҒЫ РӨЛІ

Б.К. Жылкыбаева

*Магистрант, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы қ.*

Ж.С. Еркишева

*Ғылыми жетекші, PhD, аға оқытушы, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық
университеті, Алматы қ.*

Бұл мақалада геометриялық салу есептерін оқыту негізінде оқушылардың математикалық ойлау қабілеттерін дамыту мәселесі қарастырылады. Геометриялық салу есептері оқушылардың кеңістіктік елестетуін, логикалық ойлауын және дәлдікке негізделген әрекеттерін қалыптастыруда маңызды құрал болып табылады. Зерттеу барысында мұндай есептердің оқу процесіндегі рөлі талданып, оларды тиімді қолданудың практикалық жолдары ұсынылады. Сонымен қатар, оқушылардың есеп шығару дағдыларын жетілдіруге бағытталған тапсырмалар жүйесі қарастырылып, олардың сабақ барысында қолданылу ерекшеліктері сипатталады. Жұмыста геометриялық салу есептері арқылы оқушылардың белсенділігін арттыру, өз бетінше жұмыс істеу қабілетін дамыту және білім сапасын жақсарту мүмкіндіктері негізделеді.

Түйін сөздер: геометриялық салу есептері, математикалық ойлау, оқыту әдістемесі, кеңістіктік елестету, есеп шығару дағдылары, практикалық тапсырмалар

Қазіргі білім беру жүйесінде оқушылардың математикалық ойлау қабілетін дамыту басты міндеттердің бірі болып табылады. Әсіресе, геометрия курсы оқушылардың логикалық ойлауын, кеңістіктік елестетуін және дәлдікке негізделген іс-әрекеттерін қалыптастыруда ерекше орын алады. Геометриялық салу есептері осы бағыттағы тиімді құралдардың бірі болып саналады, себебі олар тек теориялық білімді ғана емес, сонымен қатар практикалық дағдыларды да қалыптастырады.

Геометриялық салу есептері ежелден бері математиканы оқытуда маңызды рөл атқарып келеді. Евклид геометриясында салу есептері негізгі

әдістердің бірі ретінде қарастырылып, циркуль мен сызғыш көмегімен орындалатын есептер арқылы фигуралардың қасиеттері зерттелген [1]. Бұл тәсіл қазіргі мектеп геометриясында да өз маңызын жоғалтқан жоқ, себебі ол оқушылардың ойлау әрекетін белсендіреді және дәлелдеуге негізделген білімді қалыптастырады.

Зерттеулер көрсеткендей, геометриялық салу есептерін жүйелі түрде қолдану оқушылардың аналитикалық және синтетикалық ойлауын дамытуға ықпал етеді [2]. Сонымен қатар, мұндай есептерді шешу барысында оқушылар тек дайын формулаларды қолданумен шектелмей, мәселені талдап, шешу жолын өз бетінше құрастырады. Бұл олардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға да оң әсерін тигізеді.

Бірқатар ғалымдардың еңбектерінде геометриялық есептердің оқыту процесіндегі маңызы кеңінен қарастырылған. Мысалы, математиканы оқыту әдістемесі бойынша зерттеулерде салу есептері оқушылардың кеңістіктік ойлауын қалыптастырудың негізгі құралдарының бірі ретінде қарастырылады [3]. Сонымен қатар, практикалық бағыттағы тапсырмалар оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырып, олардың белсенділігін жоғарылататыны анықталған [4].

Қазіргі уақытта мектеп тәжірибесінде геометриялық салу есептерін оқыту көбінесе дәстүрлі әдістермен шектеліп келеді. Бұл кей жағдайда оқушылардың есептерді терең түсінуіне және өз бетінше шешу дағдыларының дамуына кедергі келтіреді. Осыған байланысты геометриялық салу есептерін оқытудың тиімді әдістерін жетілдіру және оларды практикалық тұрғыда қолдану өзекті мәселе болып табылады [5].

Негізгі бөлім.

Геометриялық салу есептері мектеп математикасында оқушылардың логикалық ойлауын, кеңістіктік елестетуін және аналитикалық қабілеттерін дамытудың маңызды құралы болып табылады. Бұл есептердің ерекшелігі – олар теориялық білімді нақты әрекет арқылы бекітеді және геометриялық ұғымдарды терең түсінуге мүмкіндік береді. Салу есептерін шешу барысында оқушылар тек нәтижені табумен шектелмей, есептің құрылымын талдап, оның шешу жолын кезең-кезеңімен құрастырады [6].

Геометриялық салу есептерінің теориялық негізі Евклид геометриясына сүйенеді. Бұл есептерде негізгі құралдар ретінде циркуль мен сызғыш қолданылады, ал салу процесі геометриялық қасиеттер мен қатынастарға негізделеді. Мысалы, екі нүкте арасындағы қашықтық, бұрыштардың теңдігі, үшбұрыштардың теңдік белгілері және шеңбердің қасиеттері салу есептерінің негізін құрайды.

Кез келген салу есебі белгілі бір геометриялық қатынастарға негізделеді. Мысалы, үшбұрыштың қабырғалары арқылы анықталуы келесі теңсіздіктермен сипатталады:

$$a + b > c, b + c > a, a + c > b$$

Бұл шарттар үшбұрыштың бар болуын қамтамасыз етеді және салу есебінің орындалуының қажетті шарты болып табылады.

Сонымен қатар, шеңбердің геометриялық қасиеттері салу есептерінде кеңінен қолданылады. Егер центрі $A(x_1, y_1)$ нүктесінде орналасқан шеңбердің радиусы R болса, онда оның теңдеуі:

$$(x - x_1)^2 + (y - y_1)^2 = R^2$$

түрінде жазылады. Бұл теңдеу салу есептерінде тікелей қолданылмаса да, шеңбердің барлық нүктелері центрден бірдей қашықтықта орналасатынын көрсетеді. Осы қасиет циркуль арқылы доғалар жүргізу кезінде қолданылады.

Геометриялық салу есептерінде бұрыштарды көшіру де маңызды орын алады. Егер екі бұрыш тең болса, онда:

$$\angle A = \angle B$$

Бұл теңдік циркуль көмегімен доғаларды көшіру арқылы жүзеге асырылады. Бұрыштарды дәл көшіру оқушылардың дәлдікпен жұмыс істеу дағдысын қалыптастырады.

Осы теориялық негіздерді пайдалана отырып, нақты есепті қарастырайық.

Берілген үш қабырғасы бойынша үшбұрыш салу есебі геометриялық салулардың классикалық мысалы болып табылады. Есептің шарты бойынша үш қабырға ұзындықтары берілген:

$$a = BC, b = AC, c = AB$$

Алдымен $AB = c$ кесіндісін саламыз. Бұл кесінді үшбұрыштың негізі болады. Содан кейін центрі A болатын және радиусы b -ға тең шеңбер доғасын жүргіземіз:

$$AC = b$$

Осыған ұқсас, центрі B болатын және радиусы a -ға тең доға жүргізіледі:

$$BC = a$$

Екі доғаның қиылысу нүктесін C деп белгілейміз. Бұл нүкте келесі шарттарды қанағаттандырады:

$$AC = b, BC = a$$

Осылайша, A, B, C нүктелерін қосу арқылы үшбұрыш алынады.

Жоғарыда қарастырылған үшбұрыш салу есебі геометриялық салулардың негізін көрсетсе, келесі есептер бұл ұғымдарды кеңейтіп, оқушылардың математикалық ойлауын тереңдетуге мүмкіндік береді.

Геометриялық салу есептерінің тағы бір маңызды түрі – бұрыш пен қабырғалары арқылы фигураларды салу. Мұндай есептерде бұрыштардың қасиеттері мен тригонометриялық қатынастар маңызды рөл атқарады.

Есеп 1. Екі қабырғасы және олардың арасындағы бұрышы бойынша үшбұрыш салу.

Берілген:


$$b = AC, c = AB, \angle A = \alpha$$

Бұл жағдайда үшбұрыш бірімәнді анықталады, себебі екі қабырға мен олардың арасындағы бұрыш белгілі.

Алдымен $AB = c$ кесіндісін саламыз. Содан кейін A нүктесінде берілген α бұрышын саламыз:

$$\angle BAC = \alpha$$

Осы бұрыштың екінші қабырғасы бойымен циркульдің көмегімен $AC = b$ кесіндісін өлшеп белгілейміз. Нәтижесінде C нүктесі анықталады. Соңында B мен C нүктелерін қосамыз 1-суреттегідей.



Сурет 1. ABC үшбұрышы.

Бұл есептің теориялық негізі косинустар теоремасымен байланысты:

$$a^2 = b^2 + c^2 - 2bccos \alpha$$

Яғни үшінші қабырға:

$$a = \sqrt{b^2 + c^2 - 2bc \cos \alpha}$$

Бұл формула салынған үшбұрыштың дұрыстығын тексеруге мүмкіндік береді.

Бұл есеп оқушыларға бұрыш пен қабырғалар арасындағы байланысты түсінуге көмектеседі және тригонометриялық ойлаудың алғашқы элементтерін қалыптастырады.


Есеп 2. Берілген кесіндіні тең екі бөлікке бөлу (орта перпендикуляр салу).

Бұл есеп геометриялық салулардың ең маңызды элементтерінің бірі болып табылады және көптеген күрделі есептердің негізін құрайды.

Берілген: AB кесіндісі.

Мақсат: оны тең екі бөлікке бөлу.

Алдымен центрі A және B нүктелерінде орналасқан, радиусы $R > \frac{AB}{2}$ болатын екі шеңбер доғасын жүргіземіз. Бұл доғалар екі нүктеде қиылысады, оларды M және N деп белгілейміз.



Сурет 2. Орта перпендикуляр: $AO = OB = AB/2$

Осы екі нүктені қосамыз. Алынған MN түзуі AB кесіндісін дәл ортасынан қиып өтеді.

Бұл әдіс келесі геометриялық қасиетке негізделген:

$$MA = MB, NA = NB$$

Яғни M және N нүктелері A мен B -дан бірдей қашықтықта орналасқан. Сондықтан MN түзуі – орта перпендикуляр.

Орта нүкте O келесі шартты қанағаттандырады:

$$AO = OB = \frac{AB}{2}$$

Координаталық түрде бұл нүкте:

$$O\left(\frac{x_1 + x_2}{2}, \frac{y_1 + y_2}{2}\right)$$

Бұл есептің маңызы зор, өйткені ол оқушыларға симметрия ұғымын нақты түсінуге көмектеседі. Сонымен қатар, мұндай салу тәсілдері кейін кездесетін көптеген геометриялық есептердің негізін құрайды. Есепті орындау барысында оқушылар дәлдікпен жұмыс істеуге дағдыланып, логикалық ойлау қабілетін біртіндеп дамытады.

Қорытынды.

Жүргізілген зерттеу нәтижелері геометриялық салу есептерінің оқушылардың математикалық қабілеттерін дамытудағы маңызын көрсетеді. Бұл есептерді оқыту барысында оқушылардың логикалық ойлау, талдау, салыстыру және қорытынды жасау дағдылары қалыптасады. Сонымен қатар, салу есептері кеңістіктік елестету қабілетін дамытып, геометриялық ұғымдарды терең түсінуге мүмкіндік береді.

Зерттеу барысында геометриялық салу есептерін оқытуда теория мен практиканы ұштастырудың тиімділігі анықталды. Формулалар мен геометриялық қасиеттерді қолдану арқылы орындалатын салу жұмыстары оқушылардың білімін жүйелеп, оны нақты әрекет арқылы бекітуге жағдай жасайды. Әсіресе, үшбұрыш салу, бұрыштарды көшіру және кесіндіні тең бөлу сияқты есептер оқушылардың дәлдікке және жүйелі ойлауға үйренуіне ықпал етеді.

Сонымен қатар, практикалық тапсырмаларды жүйелі түрде қолдану оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырып, олардың белсенділігін күшейтеді. Мұндай есептерді шешу барысында оқушылар өз бетінше жұмыс істеуге дағдыланып, шешім қабылдау қабілетін дамытады.

Осылайша, геометриялық салу есептерін оқыту математиканы меңгерудің тиімді жолдарының бірі болып табылады. Оларды оқу процесінде жүйелі және мақсатты түрде қолдану оқушылардың математикалық дайындығын арттыруға және білім сапасын жақсартуға мүмкіндік береді.

Пайдаланылған әдебиеттер

- 1 Погорелов А.В. Геометрия. 7–9 классы. – Москва: Просвещение, 2018.
- 2 Атанасян Л.С., Бутузов В.Ф., Кадомцев С.Б. Геометрия. 7–9 классы. – Москва: Просвещение, 2019.
- 3 Киселев А.П. Геометрия. – Москва: Физматлит, 2016.
- 4 Колмогоров А.Н. Алгебра и начала анализа. Методические основы обучения. – Москва: Просвещение, 2015.
- 5 Беспалько В.П. Педагогика и прогрессивные технологии обучения. – Москва: Педагогика, 2008
- 6 Скаткин М.Н. Методика преподавания математики. – Москва: Просвещение, 2010.

ҒТАМР 31.01.13

ЖАСЫЛ ХИМИЯ ПРИНЦИПТЕРІН ОҚЫТУДА БИСПИДИН СИНТЕЗІН ПАЙДАЛАНУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТАЛДАУЫ

А.Р. Вагиз

Магистрант, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы қ.

А.Е. Малмакова

Ғылыми жетекші, PhD, қауымдастырылған профессор, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы қ.

Қазіргі кезеңде жоғары білім беру жүйесінде тұрақты даму тұжырымдамасы мен экологиялық жауапкершілік қағидаттары негізгі бағыттардың біріне айналып отыр. Химия ғылымында бұл үрдіс жасыл химия тұжырымдамасының қарқынды дамуымен сипатталады. Жасыл химия принциптері химиялық процестердің қоршаған ортаға әсерін азайтуға, қауіпті заттарды қолдануды шектеуге және ресурстарды тиімді пайдалануға бағытталған. Алайда бұл принциптерді жоғары оқу орындарында оқыту көбіне декларативті сипатта қалып, нақты зертханалық тәжірибелермен жеткілікті деңгейде байланыстырылмайды. Педагогикалық әдебиеттерде жасыл химияны оқыту мәселесі кеңінен қарастырылғанымен, нақты органикалық синтездердің құрылымдық және механизмдік ерекшеліктерін жасыл химия принциптерімен байланыстыра отырып талдау жеткіліксіз деңгейде ұсынылған.

Түйін сөздер: жасыл химия, биспидин синтезі, органикалық синтез, зерттеушілік дағды, зертханалық оқыту, тұрақты даму.

Қазіргі жаһандану жағдайында жоғары білім беру жүйесі тек кәсіби білім берумен шектелмей, тұрақты даму құндылықтарын қалыптастыруға бағытталуда. Бұл үрдіс химия ғылымында жасыл химия тұжырымдамасының кеңінен таралуымен тығыз байланысты. Жасыл химия – химиялық өнімдер мен процестердің қоршаған ортаға және адам денсаулығына зиянды әсерін азайтуға бағытталған ғылыми және практикалық бағыт. Оның негізгі принциптері қалдықтардың алдын алу, қауіпті реагенттерді алмастыру, энергия тиімділігін арттыру және жаңартылатын ресурстарды пайдалану болып табылады.

Жоғары оқу орындарында жасыл химияны оқыту студенттердің экологиялық мәдениетін қалыптастырумен қатар, олардың кәсіби жауапкершілігін арттыруға ықпал етеді. Алайда қазіргі оқыту тәжірибесінде

бұл принциптер көбіне теориялық сипатта қарастырылып, нақты зертханалық әрекеттермен жеткілікті деңгейде байланыстырылмайды. Нәтижесінде студенттер жасыл химияны практикалық тұрғыдан қолдану дағдыларын толық меңгермейді.

Педагогикалық зерттеулерде зерттеуге негізделген оқыту, проблемалық-ізденістік әдістер және тәжірибелік оқыту теориялары студенттердің белсенді танымдық әрекетін қамтамасыз ететін тиімді тәсілдер ретінде қарастырылады. Әсіресе химияны оқытуда зертханалық жұмыстар студенттердің ғылыми ойлау, экспериментті жоспарлау және нәтижелерді талдау дағдыларын дамытуда маңызды рөл атқарады.

Органикалық синтездер осы тұрғыда ерекше педагогикалық әлеуетке ие. Олар көпсатылы реакциялар жүйесін қамтып, студенттен тек теориялық білімді емес, сонымен қатар эксперименттік шешім қабылдау, параметрлерді таңдау және нәтижені интерпретациялау қабілеттерін талап етеді. Бұл ерекшеліктер органикалық синтездерді зерттеушілік оқыту құралы ретінде қарастыруға мүмкіндік береді.

Осы контексте биспидин синтезі ерекше назар аударуды қажет етеді. Бұл синтез көпсатылы конденсациялық реакциялардан тұрып, күрделі бициклдік құрылымдардың түзілуімен сипатталады. Реакция нәтижесі көптеген факторларға тәуелді болғандықтан, ол студенттердің зерттеушілік әрекетін белсенді түрде ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар синтезді оңтайландыру барысында жасыл химия принциптерін енгізу мүмкіндігі жоғары.

Осыған байланысты зерттеу сұрағы келесідей тұжырымдалады: биспидин синтезін жасыл химия принциптері негізінде ұйымдастыру студенттердің зерттеушілік және экологиялық құзыреттіліктерін қалыптастыруға қандай педагогикалық мүмкіндік береді?

Зерттеудің мақсаты – жасыл химия принциптерін оқытуда биспидин синтезінің педагогикалық әлеуетін теориялық тұрғыдан негіздеу.

Материалдар мен әдістер.

Бұл зерттеу жүйеленген әдеби шолу ретінде ұйымдастырылды. Әдебиеттерді іздеу халықаралық ғылыми дерекқорларда (Scopus, Web of Science, Google Scholar) жүргізілді. Іздеу 2020–2025 жылдар аралығындағы жарияланымдарды қамтыды, бұл зерттеудің заманауи ғылыми үрдістерге сәйкес болуын қамтамасыз етеді.

Іздеу стратегиясы логикалық операторлар арқылы құрылған келесі формулаға негізделді: (“green chemistry education” OR “sustainable chemistry education”) AND (“organic synthesis teaching” OR “laboratory pedagogy”) AND (“research skills development” OR “inquiry-based learning”).

Іздеу нәтижесінде 160-тан астам жарияланым анықталды. Қайталанатын және тақырыпқа сәйкес келмейтін жұмыстарды алып тастағаннан кейін 70-ке жуық мақала толық мәтіндік талдауға алынды. Қорытынды іріктеу нәтижесінде 35 ғылыми еңбек зерттеу үшін пайдаланылды.

Әдебиеттерді іріктеу келесі критерийлер бойынша жүргізілді:

1. Жоғары оқу орны контекстінде жүргізілген зерттеулер.
2. Жасыл химия немесе органикалық синтезді оқытуға бағытталуы.
3. Зертханалық оқыту элементтерінің болуы.
4. Рецензияланған ғылыми журналдарда жариялануы.

Зерттеу барысында мазмұндық талдау әдісі арқылы жасыл химия принциптерінің оқу үдерісінде қолданылу тәсілдері жүйеленді. Салыстырмалы талдау органикалық синтездердің құрылымдық ерекшеліктерін анықтауға бағытталды. Педагогикалық интерпретация әдісі синтез кезеңдерін зерттеушілік әрекет компоненттерімен сәйкестендіруге мүмкіндік берді.

Нәтижелер және талқылау.

Жүргізілген талдау жасыл химия принциптерін оқытуда органикалық синтездердің маңызды педагогикалық құрал екенін көрсетті. Жасыл химияның негізгі принциптері зертханалық жұмыстар арқылы тиімді меңгеріледі, себебі студенттер нақты химиялық процестерді бақылау және өзгерту мүмкіндігіне ие болады.

Органикалық синтездердің педагогикалық әлеуеті олардың құрылымдық күрделілігімен, көпсатылылығымен және параметрлік икемділігімен анықталады. Мұндай синтездер студенттерден экспериментті жоспарлау, болжам жасау және нәтижелерді талдау дағдыларын талап етеді.

Биспидин синтезі осы тұрғыда ерекше тиімді модель болып табылады. Оның құрылымы бірнеше кезеңнен тұрады: нуклеофильдік қосылу, конденсация, циклдену және тұрақтану. Әрбір кезең студенттен механизмдік талдауды талап етеді.

Жасыл химия тұрғысынан биспидин синтезін талдау келесі аспектілерді қамтиды:

- атомдық үнемділік деңгейі;
- қалдықтардың түзілуі;
- энергия шығыны;
- қолданылатын реагенттердің қауіпсіздігі.

Бұл параметрлерді талдау студенттердің экологиялық ойлауын қалыптастыруға ықпал етеді.

Педагогикалық тұрғыдан биспидин синтезі зерттеушілік дағдылардың үш негізгі компонентін дамытуға мүмкіндік береді:

Когнитивтік компонент – реакция механизмін түсіну, болжам жасау, теориялық талдау.

Операциялық компонент – экспериментті жоспарлау, параметрлерді таңдау, тәжірибені жүргізу.

Рефлексиялық компонент – нәтижелерді талдау, қателерді анықтау және түзету.

Бұл компоненттер өзара байланысты және зертханалық әрекеттің толық циклін құрайды.

Қорытынды.

Жүргізілген зерттеу нәтижесінде жасыл химия принциптерін оқытуда органикалық синтездердің, соның ішінде биспидин синтезінің, жоғары педагогикалық әлеуетке ие екені дәлелденді. Биспидин синтезі өзінің құрылымдық күрделілігі мен параметрлік икемділігі арқылы студенттердің зерттеушілік және экологиялық құзыреттіліктерін қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Ұсынылған теориялық модель зертханалық сабақтарды жасыл химия қағидаттарына сәйкес ұйымдастыруға негіз болады. Бұл тәсіл студенттердің белсенді оқу әрекетін қамтамасыз етіп, олардың кәсіби даярлық сапасын арттыруға ықпал етеді.

Болашақ зерттеулерде ұсынылған тәсілді тәжірибелік тұрғыдан тексеру және оқу бағдарламасына енгізу жолдарын анықтау өзекті бағыт болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер

- 1 Anastas P.T., Zimmerman J.B. The role of green chemistry in sustainable education // *Green Chemistry*. – 2020.
- 2 Clark J.H., Farmer T.J. Green chemistry and the future of chemical education // *Chemical Education Research and Practice*. – 2021.
- 3 Zuin V.G., Segatto M.L. Green chemistry in higher education: A systematic review // *Journal of Cleaner Production*. – 2021.
- 4 Andraos J. Teaching organic synthesis through green chemistry metrics // *Journal of Chemical Education*. – 2020.
- 5 Dicks A.P. Green chemistry laboratory experiments: A review // *Journal of Chemical Education*. – 2022.
- 6 Lancaster M. *Green chemistry*. – Cambridge, 2020.
- 7 Poliakoff M., Licence P. Sustainable chemistry // *Nature Chemistry*. – 2021.
- 8 Kirchhoff M.M. Green chemistry education // *Sustainability*. – 2022.
- 9 Céspedes R. Inquiry-based green chemistry laboratories // 2023.
- 10 Marques C.A. Green chemistry and student engagement // 2024.
- 11 Sheldon R.A. Green chemistry metrics // 2020.
- 12 Cann M.C., Connelly M. Green chemistry in teaching // 2021.
- 13 Tang S. Green chemistry curriculum design // 2022.
- 14 Li X. Sustainable laboratory teaching methods // 2023.
- 15 Kumar V. Green chemistry pedagogy // 2024.

ҒТАМР 31.15.19

НАНОМАТЕРИАЛДАР ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ҚАСИЕТТЕРІ

И.А. Кожобекова, Г.Т. Сапарова

Химия пәнінің мұғалімдері, Қызылорда қаласындағы жаратылыстану-математика бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебі, Қызылорда қ.

Мақалада наноматериалдардың құрылымы, жіктелуі және химиялық қасиеттері қарастырылады. Наноөлшем деңгейінде заттардың реакциялық қабілетінің артуы, меншікті беттік ауданның ұлғаюы және кванттық эффектілердің пайда болуы ғылыми тұрғыда талданады. Алтын (Au), күміс (Ag), платина (Pt) нанобөлшектерінің каталитикалық және антибактериалдық қасиеттері, сондай-ақ титан диоксиді (TiO₂) негізіндегі фотокаталитикалық процестер мысал ретінде келтірілген. Наноматериалдардың тотығу-тотықсыздану реакцияларындағы белсенділігі және функционалдық топтар арқылы модификациялану мүмкіндігі сипатталады. Зерттеу нәтижелері наноматериалдардың медицинада, энергетикада, экологияда және жоғары технологиялық өндірістерде кең қолданылу перспективаларын көрсетеді.

Түйін сөздер: наноматериалдар, каталитикалық белсенділік, фотокатализ, кванттық эффект, беттік аудан.

Қазіргі ғылым мен техниканың қарқынды дамуы материалтану саласында жаңа бағыттардың қалыптасуына әкелді. Соның бірі – нанотехнология және наноматериалдар өндірісі. Наноматериалдар деп өлшемі 1–100 нанометр аралығында болатын құрылымдық элементтерден тұратын материалдарды айтады. Наноөлшем деңгейінде заттардың физикалық және химиялық қасиеттері айтарлықтай өзгереді, бұл олардың дәстүрлі материалдардан ерекше болуына себеп болады.

Наноматериалдардың ерекше қасиеттері кванттық эффектілермен, беттік ауданның ұлғаюымен және атомдық деңгейдегі құрылымдық өзгерістермен байланысты. Бүгінде олар электроникада, медицинада, энергетикада, экологияда және авиация өнеркәсібінде кеңінен қолданылуда. Мысалы, IBM және Samsung компаниялары наноэлектроника саласында наноқұрылымдарды микрочип өндірісінде қолданады.

Наноматериалдар өлшемдік құрылымына қарай бірнеше топқа бөлінеді: нөлөлшемді (0D) – нанобөлшектер (мысалы, алтын нанобөлшектері Au), бірөлшемді (1D) – нанотүтікшелер, наноталшықтар, екіөлшемді (2D) – графен қабаттары, үшөлшемді (3D) – наноқұрылымды композиттер. Мысалы, Gold

нанобөлшектерінің формуласы. Ал көміртекті нанотүтікшелердің негізі: графен – көміртектің екіөлшемді модификациясы (C).

Наноматериалдардың негізгі қасиеттері үш топтан тұрады:

Механикалық қасиеттері бойынша мәліметке: нанокұрылымды материалдар өте берік болады. Мысалы, көміртекті нанотүтікшелердің беріктігі болаттан бірнеше есе жоғары.

Электрлік қасиеттері туралы мәліметке: графеннің электрөткізгіштігі өте жоғары. Бұл оны микроэлектроника мен сенсорлық технологияларда тиімді етеді.

Оптикалық қасиеттерінің қатарына: алтын нанобөлшектері (Au) наноөлшемде қызыл немесе күлгін түске ие болады. Бұл құбылыс плазмондық резонанс әсерімен түсіндіріледі.

Химиялық белсенділігі деген қасиетіне беттік ауданның үлкен болуы реакция жылдамдығын арттырады. Сондықтан нанокатализаторлар өндірісте кеңінен қолданылады.

Наноматериалдардың қолданылу мысалдары кең және ғылыми дәлелдемелеріне сүйенсек медицинада күміс нанобөлшектері (Ag) бактерияға қарсы қасиетке ие. Энергетикада литий-ионды аккумуляторларда нанокұрылымды электродтар энергия сыйымдылығын арттырады. Экология саласында нанофилтрлер суды ауыр металдардан тазартуда өте тиімді. Авиациядағы наноқоспалар қосылған композиттер материалдың беріктігін арттырып, салмағын азайтады.

Ғылыми зерттеулер көрсеткендей, нанокұрылымды материалдарда беттік атомдардың үлесі жоғары болғандықтан, олардың химиялық реакциялық қабілеті артады. Бұл қасиет катализ және сенсорлық технологияларда дәлелденген.

Наноматериалдар – қазіргі заманғы ғылым мен техниканың маңызды жетістіктерінің бірі. Олардың ерекше механикалық, электрлік, оптикалық және химиялық қасиеттері наноөлшемдегі құрылымдық ерекшеліктермен байланысты. Наноматериалдарды қолдану медицинада, электроникада, энергетикада және авиацияда жаңа мүмкіндіктер ашуда. Болашақта нанотехнологиялардың дамуы жоғары тиімді, жеңіл және экологиялық таза материалдарды жасауға негіз болады.

XXI ғасыр – жоғары технологиялар ғасыры. Ғылым мен өндірістің дамуы материалдардың құрылымын атомдық және молекулалық деңгейде басқару мүмкіндігін туғызды. Осы бағытта қарқынды дамып келе жатқан сала – нанотехнология және наноматериалдар өндірісі. Наноматериалдар – өлшемі 1–100 нм аралығындағы құрылымдық элементтерден тұратын заттар. Наноөлшемге өткен кезде материалдардың физикалық, химиялық және биологиялық қасиеттері түбегейлі өзгереді.

Наноматериалдардың ерекшелігі – олардың үлкен меншікті беттік ауданы, кванттық эффектілердің байқалуы, электрондық құрылымының өзгеруі және жоғары реакциялық қабілеті. Мысалы, макроөлшемдегі алтын инертті металл болса, наноөлшемдегі алтын бөлшектері жоғары каталикалық

белсенділік көрсетеді. Бұл құбылыс өлшемнің кішіреюіне байланысты беттік атомдардың үлесінің артуымен түсіндіріледі.

Наноматериалдар туралы зерттеулер 1980-жылдардан бастап қарқын алды. 1985 жылы фуллерендердің ашылуы және 1991 жылы көміртекті нанотүтікшелердің табылуы наноматериалтанудың дамуына серпін берді. Қазіргі таңда IBM, Samsung сияқты ірі компаниялар наноэлектроника бағытында белсенді зерттеулер жүргізуде.

Наноматериалдардың практикалық маңызы зор: олар медицинада дәрі жеткізу жүйелерінде, энергетикада аккумуляторлар мен күн батареяларында, экологияда сүзгі материалдары ретінде, ал авиация мен машина жасауда жеңіл әрі берік композиттер құрамында қолданылады. Сондықтан наноматериалдардың қасиеттерін ғылыми тұрғыдан зерттеу – қазіргі материалтанудың өзекті мәселесі болып табылады.

Наноматериалдардың құрылымдық ерекшеліктері дегеніміз? Наноматериалдардың қасиеттері олардың өлшеміне, пішініне және құрылымына тәуелді. Наноөлшем деңгейінде: беттік атомдардың үлесі артады, кристалл торының ақаулары көбейеді, электрондық энергия деңгейлері өзгереді. Мысалы, Gold (Au) макроөлшемде сары түсті металл болса, 20–50 нм өлшемде қызыл немесе күлгін түске өзгереді. Бұл плазмондық резонанс құбылысына байланысты.

Көміртектің нанокұрылымды түрлері: Графен (C) көміртекті нанотүтікшелер (C) мен фуллерендер (C₆₀). Фуллерен молекула формуласының физикалық қасиеттері механикалық беріктік, электрөткізгіштік, жылуөткізгіштік. Көміртекті нанотүтікшелердің созылу беріктігі болаттан 50–100 есе жоғары. Бұл олардың гексагональды кристалдық құрылымымен түсіндіріледі. Графен жоғары электрөткізгіштікке ие және болашақ транзисторлардың негізі болуы мүмкін. Көміртекті нанокұрылымдар жылуды өте тиімді өткізеді, бұл электроникада қызып кетудің алдын алады.

Химиялық қасиеттеріне наноматериалдардың химиялық белсенділігі олардың үлкен беттік ауданына байланысты. Мысалы күміс нанобөлшектері (Ag), бактерия жасушасының қабырғасымен әрекеттесіп, микробтарды жояды. Тағы бір түрі титан диоксиді нанобөлшектері фотокаталитикалық қасиетке ие және органикалық ластаушыларды ыдырата алады.

Медицинада қолданылу мысалдары ретінде дәрі тасымалдаушы нанокапсулалар, ісікке қарсы бағытталған терапияны айта аламыз. Энергетикада нанокұрылымды электродтар литий-ионды аккумуляторларда күн батареяларының тиімділігін арттырады. Экология саласында ауыр металдарды адсорбциялайтын нанофилтрлер су тазарту жүйелерінде, авиация және материалтануда наноқоспалар қосылған композиттер беріктігімен, аз салмағымен, термиялық тұрақтылығымен маңызды. Наноматериалдардың химиялық қасиеттері дегеніміз не? Наноматериалдардың химиялық қасиеттері олардың өлшемінің кішіреюімен және меншікті беттік ауданының ұлғаюымен тікелей байланысты. Наноөлшемде атомдардың едәуір бөлігі материалдың

бетінде орналасады. Сондықтан олардың реакциялық қабілеті дәстүрлі (макро) материалдарға қарағанда әлдеқайда жоғары болады.

Жоғары химиялық белсенділік дегеніміз не? Нанобөлшектерде беттік атомдардың үлесі 50%-ға дейін жетуі мүмкін. Беттік атомдар толық координацияланбағандықтан, олар химиялық реакцияларға оңай түседі. Мысалы, макроөлшемдегі Gold (Au) химиялық тұрғыдан инертті металл болып саналады. Алайда наноөлшемдегі алтын бөлшектері (Au^0) каталитикалық белсенділік көрсетіп, көміртек тотығын тотықтыру реакциясын жылдамдата алады: Бұл қасиет нанокатализ саласында кең қолданылады. Наноматериалдар катализатор ретінде өте тиімді. Себебі: үлкен меншікті беттік аудан, белсенді орталықтардың көп болуы, электрондық құрылымының өзгеруін айтамыз. Мысалы, Platinum (Pt) нанобөлшектері сутек энергетикасында катализатор ретінде қолданылады: Платина нанобөлшектері отын элементтерінде реакция жылдамдығын арттырады. Нанобөлшектердің тотығу дәрежесі оңай өзгереді. Мысалы, темір нанобөлшектері: нөлдік валентті темір (Fe^0) ауыр металдарды тотықсыздандыру арқылы суды тазартуда қолданылады. Фотокаталитикалық қасиеттері ретінде кейбір наноматериалдар жарық әсерінен химиялық реакцияларды тездетеді. Мысалы, титан диоксиді: Ультракүлгін сәуле әсерінен электрон-куыс жұптары түзіледі: Нәтижесінде органикалық ластаушылар ыдырайды. Бұл қасиет өзін-өзі тазалайтын беттерде және экологиялық технологияларда қолданылады. Антибактериалдық қасиет күміс нанобөлшектері Ag^+ иондары бактерия жасушасының қабырғасын бұзып, ферменттік жүйесін тежейді. Сондықтан олар медицинада, таңғыш материалдарда және су тазартуда пайдаланылады. Кванттық өлшемдік эффектілеріне өлшем азайған сайын электрондардың энергия деңгейлері дискретті бола бастайды. Бұл: жарық жұту спектрін өзгертеді, реакциялық қабілетті арттырады, электрохимиялық қасиеттерді жақсартады. Мысалы, кванттық нүктелер (CdSe) өлшеміне байланысты әртүрлі түсте жарық шығарады.

Наноматериалдардың химиялық қасиеттері олардың наноөлшемдік құрылымына байланысты түбегейлі өзгереді. Жоғары беттік аудан, электрондық құрылымның ерекшелігі және кванттық эффектілер олардың каталитикалық белсенділігін, тотығу-тотықсыздану қабілетін, фотокаталитикалық қасиеттерін, биологиялық белсенділігін арттырады. Сондықтан наноматериалдар катализде, медицинада, энергетикада және экологиялық технологияларда кеңінен қолданылады және болашақта химия ғылымының негізгі даму бағыттарының бірі болып қала береді.

Наноматериалдардың ең маңызды ерекшеліктерінің бірі – кванттық өлшемдік эффектілердің (quantum size effects) пайда болуы. Бұл құбылыс бөлшек өлшемі наномасштабқа (әдетте 1–10 нм) дейін кішірейген кезде байқалады. Осындай жағдайда электрондардың қозғалысы кеңістікте шектеледі (кванттық шектеу, quantum confinement), нәтижесінде материалдың энергетикалық құрылымы өзгереді.

Энергетикалық деңгейлердің дискреттенуі макроөлшемдегі материалдарда электрондардың энергиясы үздіксіз зоналар (валенттік және өткізгіштік зона) түрінде сипатталады. Ал нанобөлшектерде электрондардың қозғалысы шектеліп, энергия деңгейлері дискретті (жеке) мәндерге бөлінеді. Бұл құбылыс: жарық жұту спектрінің өзгеруіне, люминесценция түсінің өлшемге тәуелді болуына, электрохимиялық қасиеттердің өзгеруіне әкеледі. Мысалы, кванттық нүктелер (CdSe) өлшеміне байланысты әртүрлі түсте жарық шығарады: 2 нм – көк жарық, 4 нм – жасыл, 6 нм – қызыл болып шығады. Бұл энергия саңылауының (band gap) өлшемге тәуелді өзгеруімен түсіндіріледі. Өлшем кішірейген сайын атомдардың көп бөлігі беткі қабатта орналасады. Бұл: беттік керілудің артуына, реакциялық қабілеттің күшеюіне, термодинамикалық тұрақтылықтың төмендеуіне әкеледі. Мысалы, наноөлшемдегі Gold бөлшектері каталитикалық белсенділік көрсетеді, ал макроөлшемде алтын инертті металл болып табылады.

Нанокұрылымдарда электрондар энергия тосқауылынан «өтіп кетуі» мүмкін (кванттық туннельдеу). Бұл құбылыс: наноэлектроникада, сенсорлық құрылғыларда, транзисторларда маңызды рөл атқарады. Мысалы, туннельдік диодтарда токтың өтуі классикалық физика заңдарымен емес, кванттық механика заңдарымен түсіндіріледі. Металл нанобөлшектерінде (мысалы, алтын Au немесе күміс Ag) жарық әсерінен электрондардың ұжымдық тербелісі пайда болады. Бұл құбылыс беттік плазмондық резонанс деп аталады.

Нәтижесінде: материалдың түсі өзгереді, жарық жұту қарқындылығы артады, биосенсорларда сезімталдық күшейеді. Сондықтан алтын және күміс нанобөлшектері медицина мен аналитикалық химияда қолданылады. Нанобөлшектерде суперпарамагнетизм құбылысы байқалуы мүмкін. Мысалы, темір оксиді (Fe_3O_4) нанобөлшектері магнит өрісі болмаған кезде магниттелмейді, бірақ өріс әсерінде жоғары магниттік қасиет көрсетеді. Бұл қасиет: МРТ контраст агенттерінде, дәріні бағыттап жеткізуде, биомедициналық диагностикада кеңінен қолданылады. Кванттық эффектілер наноматериалдардың: оптикалық қасиеттерін, электрөткізгіштігін, химиялық белсенділігін, магниттік мінез-құлқын түбегейлі өзгертеді. Сондықтан наноматериалдар дәстүрлі материалдарға қарағанда жаңа функционалдық мүмкіндіктерге ие. Кванттық өлшемдік эффектілер – наноматериалдардың ерекше қасиеттерінің физикалық негізі болып табылады. Электрондардың кеңістіктік шектелуі, энергия деңгейлерінің дискреттенуі, плазмондық резонанс және туннельдік эффект сияқты құбылыстар наноөлшемде айқын байқалады. Бұл қасиеттер наноэлектроникада, медицинада, катализде және энергетикада инновациялық технологиялардың дамуына мүмкіндік береді.

Пайдаланылған әдебиеттер

1 Ахметов Ж.Қ. Жалпы және бейорганикалық химия: оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2019. – 412 б.

- 2 Әбілов А.Ж., Нұртазина Р.К. Нанотехнология негіздері: оқу құралы. – Алматы: Білім, 2021. – 256 б.
- 3 Оспанова Г.Т., Қалиева Д.М. Материалтану және жаңа материалдар технологиясы. – Алматы: Эверо, 2020. – 300 б.
- 4 Сәрсенбаев Б.С. Физикалық химия: теория және тәжірибе. – Нұр-Сұлтан: Фолиант, 2018. – 350 б.
- 5 Құдайбергенов С.Е. Наноқұрылымды материалдардың химиялық қасиеттері // ҚазҰУ хабаршысы. Химия сериясы. – 2022. – №2(105). – 38–45 б.
- 6 Мұхамеджанова А.Т. Наноматериалдардың медицина мен экологиядағы қолданылуы // Химия және технология журналы. – 2023. – №4. – 52–60 б.
- 7 Есенова Л.М. Коллоидтық химия және наножүйелер. – Алматы: Қазақ университеті, 2017. – 280 б.

ҒТАМР 31.15.23

НАНОӨЛШЕМДІ ЛИОФОБТЫ ЖҮЙЕЛЕР: МОЛЕКУЛАЛЫҚ ДИНАМИКАДАН БЕТТІК ЭЛЕКТРЛІК ҚҰБЫЛЫСТАРҒА ДЕЙІН

Д. Есенгельдыева, А. Жамбулова

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ.

М.Б. Ахтаева

*Ғылыми жетекші, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы қ.*

Бұл жұмыста наноөлшемді лиофобты жүйелердің физикалық коллоидтық химиядағы орны мен негізгі қасиеттері қарастырылады. Лиофобты дисперстік жүйелердің тұрақтылығы бөлшек өлшеміне, меншікті бетке, молекулалық қозғалысқа және беттік электрлік құбылыстарға тәуелді екені көрсетіледі. Сонымен бірге бөлшек бетінде зарядтың түзілуі, электрлік қос қабаттың қалыптасуы, дзета-потенциалдың тұрақтылыққа әсері және мұндай жүйелердің қолданбалы маңызы сипатталады.

Түйін сөздер: лиофобты жүйе, нанобөлшек, коллоидтық химия, молекулалық динамика, беттік құбылыстар, электрлік қос қабат, дзета-потенциал, тұрақтылық.

Қазіргі физикалық коллоидтық химияда наноөлшемді дисперстік жүйелерді зерттеу ерекше маңызға ие. Нанометрлік өлшемге өткенде бөлшектердің көлемімен салыстырғанда бетінің үлесі бірнеше есе артады, сондықтан жүйенің қасиеттерін анықтауда беттік құбылыстар шешуші рөл атқарады. Осындай жүйелердің ішінде лиофобты дисперстік жүйелер теориялық жағынан да, практикалық тұрғыдан да маңызды орын алады, өйткені олар тұрақсыздыққа бейім болғанымен, арнайы жағдайларда басқарылатын әрі қолданбалы жүйелер ретінде кең пайдаланылады [1, 2].

Лиофобты жүйелер деп дисперстік ортамен әрекеттесуі әлсіз, өздігінен оңай түзілмейтін және салыстырмалы түрде тұрақсыз жоғары дисперсті жүйелерді атайды. Су ортасында мұндай жүйелер гидрофобты жүйелер ретінде де қарастырылады. Оларға металл золдері, күкірт золі, кейбір оксидтер мен тұздардың коллоидтық ерітінділері жатады. Бұл жүйелердің басты ерекшелігі – термодинамикалық тұрғыдан тұрақсыз болуы, алайда белгілі бір шарттарда кинетикалық тұрақтылық көрсете алуы [1].

Негізгі бөлім.

Наноөлшемге өткен кезде бөлшектердің меншікті беті күрт артады. Соның нәтижесінде көлемдік қасиеттерге қарағанда беттік қасиеттер басым рөл атқарады. Бөлшек өлшемі азайған сайын беттік энергия өседі, сондықтан жүйе еркін энергиясын төмендету үшін бөлшектердің агрегациясы мен коагуляциясы жүруге бейім болады. Осы себепті наноөлшемді лиофобты жүйелерді түсіндіруде беттік керілу, адсорбция және фазааралық өзара әрекеттесу негізгі ұғымдар болып саналады [1, 4].

Молекулалық динамика тұрғысынан қарағанда, коллоидтық бөлшек сұйық ортада үздіксіз Броундық қозғалысқа қатысады. Бөлшек маңында еріткіш молекулалары мен иондар қайта таралып, микродеңгейде күрделі құрылым түзіледі. Температура, орта тұтқырлығы, иондық күш және бөлшек бетінің химиялық табиғаты бөлшектердің бір-біріне жақындасуы мен тебілуін анықтайды. Басқаша айтқанда, жүйенің макроскопиялық тұрақтылығы оның молекулалық деңгейдегі қозғалысы мен өзара әрекеттесуінің нәтижесі болып табылады [2, 4].

Наноөлшемді лиофобты жүйелерде беттік электрлік құбылыстар ерекше маңызды. Бөлшек бетінде заряд иондардың таңдамалы адсорбциясы, беткі топтардың диссоциациясы немесе кристалдық тор иондарының ерітіндіге ауысуы нәтижесінде түзілуі мүмкін. Осы зарядтың әсерінен бөлшек маңында электрлік қос қабат қалыптасады: бетке жақын тығыз қабат және одан кейінгі диффузиялық қабат. Бұл құрылым бөлшектер арасындағы электростатикалық тебілу күшін туғызып, жүйенің салыстырмалы тұрақтылығын қамтамасыз етеді [1, 3].

Жүйе тұрақтылығын сипаттайтын маңызды параметрдің бірі – дзета-потенциал. Оның абсолют мәні неғұрлым жоғары болса, бөлшектер арасындағы тебілу күші соғұрлым үлкен болады және коагуляция қаупі азаяды. Керісінше, ерітіндідегі электролит концентрациясы артқанда диффузиялық қабат сығылып, дзета-потенциал төмендейді, нәтижесінде бөлшектердің бірігуі жеңілдейді. Сондықтан рН, электролит мөлшері және беттік-белсенді заттар лиофобты жүйелерді тұрақтандыруда маңызды рөл атқарады [3, 4].

Коллоидтық тұрақтылықты түсіндіруде электростатикалық тебілу мен молекулааралық тартылыс күштерінің арақатынасы ерекше мәнге ие. Егер тебілу күші жеткілікті жоғары болса, бөлшектер дисперстік күйін сақтайды; ал тартылыс күші басым болғанда коагуляция жүреді. Осыған байланысты наноөлшемді жүйелердің қасиеттерін басқару үшін ортаның иондық құрамын, температураны, рН мәнін және тұрақтандырғыштардың табиғатын ескеру қажет. Мұндай тәсілдер өндірістік және зертханалық тәжірибеде кең қолданылады [1, 3].

Наноөлшемді лиофобты жүйелердің практикалық маңызы зор. Олар дәрілік заттарды тасымалдау жүйелерінде, каталитикалық процестерде, су тазарту технологияларында, биосенсорларда және жаңа функционалдық материалдар жасауда кеңінен пайдаланылады. Мысалы, фармацевтикада ерімейтін белсенді заттарды наноөлшемді дисперстік күйге көшіру олардың

биожетімділігін арттыруы мүмкін. Экологияда мұндай жүйелер ауыр металл иондарын байланыстыруда және су ортасын тазартуда қолданылады [1, 4].



Сурет 1. Нанобөлшек маңындағы электрлік қос қабаттың қарапайым сызбасы.

Негізгі ұғымдардың қысқаша сипаттамасы.

Ұғым	Қысқаша сипаттамасы
Лиофобты жүйе	Ортамен өзара әрекеттесуі әлсіз, өздігінен оңай түзілмейтін және салыстырмалы тұрақсыз дисперстік жүйе.
Нанобөлшек	Өлшемі шамамен 1-100 нм аралығындағы бөлшек; мұнда беттік қасиеттер ерекше күшейеді.
Электрлік қос қабат	Зарядталған бөлшек маңында түзілетін тығыз және диффузиялық иондық қабаттар жиынтығы.
Дзета-потенциал	Коллоидтық жүйенің электрокинетикалық тұрақтылығын бағалауда қолданылатын негізгі көрсеткіш.

Қорыта айтқанда, наноөлшемді лиофобты жүйелердің қасиеттері ең алдымен беттік құбылыстармен анықталады. Олардың тұрақтылығы бөлшек өлшеміне, молекулалық қозғалысқа, беттік зарядқа және электрлік қос қабаттың құрылымына тәуелді. Дзета-потенциал мұндай жүйелердің тұрақтылығын бағалауда негізгі көрсеткіштердің бірі болып табылады. Сондықтан бұл тақырып физикалық коллоидтық химия үшін де, қазіргі қолданбалы зерттеулер үшін де өзекті болып саналады.

Осылайша, наноөлшемді лиофобты жүйелерді зерттеу молекулалық деңгейдегі процестерді түсінуге ғана емес, сонымен қатар олардың практикалық қолданылуын тиімді басқаруға мүмкіндік береді. Бұл бағыттың дамуы жаңа материалдар, дәрілік жүйелер және экологиялық технологиялар жасауда маңызды рөл атқарады.

Пайдаланылган әдебиеттер

1. Фролов Ю. Г. Курс коллоидной химии. Поверхностные явления и дисперсные системы: учебник для вузов. 2-е изд., перераб. и доп. Москва: Химия, 1988. 464 с.

2. Семиохин И. А. Физическая химия: учебник. Москва: Изд-во МГУ, 2001. 272 с.

3. Hunter R. J. Zeta Potential in Colloid Science: Principles and Applications. London: Academic Press, 1989. 398 p.

4. Israelachvili J. N. Intermolecular and Surface Forces. 3rd ed. London: Academic Press, 2011. 674 p.

ҒТАМР 68.01.75

ӨНДЕУГЕ АРНАЛҒАН БИОЛОГИЯЛЫҚ РЕСУРСТАРДЫҢ ТҮРЛЕРІН АНЫҚТАУ

Ғ.И. Исаев, А.Б. Маханбетжан

Қ.А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркістан қ.

Жаһандық биоэкономиканың дамуы жағдайында биологиялық ресурстарды ұтымды пайдалану және оларды ғылыми негізде жүйелеу өзекті мәселеге айналып отыр, себебі қалпына келетін шикізат көздерін тиімді игеру экологиялық тұрақтылықты қамтамасыз етіп, қазба ресурстарға тәуелділікті төмендетуге ықпал етеді. Зерттеудің мақсаты – өңдеуге арналған биологиялық ресурстардың түрлерін анықтап, оларды шығу тегі, химиялық құрамы, технологиялық ерекшеліктері және қолданылу бағыты бойынша жіктеу. Жұмыста отандық және шетелдік ғылыми әдебиеттерге талдау жасалып, салыстырмалы, жүйелік және классификациялық әдістер қолданылды. Нәтижесінде биологиялық ресурстар ауыл шаруашылық, орман, теңіз, микробиологиялық және өндірістік қалдықтар негізіндегі топтарға бөлініп, химиялық құрылымы бойынша лигноцеллюлозалы, ақуыздық, липидтік және полисахаридтік санаттарға жіктелді. Зерттеу қорытындылары биорефинерияларды жобалау, қайта өңдеу технологияларын таңдау және аймақтық биоэкономикалық стратегияларды әзірлеу барысында практикалық мәнге ие.

Түйін сөздер: биологиялық ресурстар, биомасса, биорефинерия, классификация, агроөнеркәсіп қалдықтары, лигноцеллюлозды шикізат, қайта өңдеу технологиялары, биоэкономика.

Заманауи даму сатысында өндіріс пен энергетика салалары ресурстарды белсенді игерумен ерекшеленеді. Қазба отын қорларының шектеулілігі, климаттың өзгеруі және өндірістік қалдықтардың көбеюі шаруашылық жүргізудің тұрақты үлгілеріне көшу қажеттігін айқындайды. Осындай жағдайда биологиялық ресурстар жаңартылатын шикізат көзі ретінде стратегиялық маңызға ие, өйткені олар табиғи түрде қайта қалпына келеді және әртүрлі өндірістік бағыттарда қолдануға мүмкіндік береді. Биологиялық ресурстарды ұтымды пайдалану қазба байлықтарға тәуелділікті азайтып қана қоймай, жоғары қосылған құны бар өнімдер өндіруге негіз болатын жаңа технологиялық тізбектерді қалыптастырады. Биоэкономиканың дамуы

биомассаны кешенді өңдеуге бағытталған биорефинерия жүйелерімен тығыз байланысты, себебі олар ауыл шаруашылық, орман, теңіз және микробиологиялық шикізатты энергияға, материалдарға, химиялық өнімдерге және тағамдық компоненттерге айналдыруға мүмкіндік береді [1].

Алайда биологиялық ресурстардың алуан түрлілігіне қарамастан, ғылыми әдебиеттерде оларды жіктеудің бірыңғай тәсілі қалыптаспаған. Зерттеушілер ресурстарды шығу тегі, химиялық құрамы, технологиялық қасиеттері немесе қолданылу бағыты бойынша әртүрлі негізде топтастырады, бұл өз кезегінде оларды салыстырмалы талдауды қиындатады және өңдеу бағыттарын таңдауда әдістемелік бірізділіктің болмауына әкеледі. Осыған байланысты биологиялық ресурстарды жүйелеудің кешенді және ғылыми негізделген құрылымын қалыптастыру қажеттілігі туындайды. Осы зерттеудің мақсаты – өңдеуге арналған биологиялық ресурстардың түрлерін анықтап, оларды негізгі белгілері бойынша жүйелеу. Қойылған мақсатқа жету үшін биологиялық ресурстарды жіктеудің қолданыстағы тәсілдеріне талдау жасау, биотехнологиялық және биорефинериялық үдерістерде пайдаланылатын негізгі шикізат топтарын айқындау, химиялық құрамы мен технологиялық қолданылуына негізделген жіктеу критерийлерін негіздеу және ұсынылған жүйелеудің биоэкономиканы дамытудағы практикалық маңызын анықтау міндеттері белгіленді.

Биологиялық ресурстарды ғылыми негізде жүйелеу оларды ұтымды пайдалану мен өңдеудің тиімді бағыттарын айқындауда маңызды әдіснамалық тірек болып саналады, өйткені ұғымдардың мазмұнын нақтылау және ғылыми әдебиеттерде ұсынылған жіктеу тәсілдерін саралау ресурстық әлеуетті жан-жақты бағалауға, сондай-ақ биорефинериялық жүйелерді негізді түрде жобалауға жол ашады. Биологиялық ресурстар дегеніміз – тірі организмдерден немесе олардың тіршілік әрекетінің нәтижесінде түзілетін, адам қажетіне жарамды табиғи шикізат көздері, олардың қатарына өсімдіктер, жануарлар, микроорганизмдер, сонымен бірге ауыл шаруашылығы, орман және теңіз шаруашылығы салаларынан алынатын қалдықтар жатады, ал басты ерекшелігі – жаңартылу мүмкіндігі мен түрлі өндірістік бағыттарда қолданылу әлеуеті [2]. Биомасса ұғымы осы биологиялық ресурстардың органикалық құрамын білдіреді және энергия мен материал өндіруге пайдаланылатын барлық биогендік шикізатты қамтиды, ол шығу тегі бойынша өсімдік, жануар немесе микробиологиялық сипатқа ие болып, химиялық құрылымы жағынан күрделі полимерлі қосылыстардан тұрады; биорефинерия болса, биомассаны кешенді өңдеу арқылы энергия, отын, химиялық заттар мен материалдар алуға бағытталған технологиялық жүйе ретінде анықталады және мазмұны жағынан дәстүрлі мұнай өңдеу зауыттарының баламасы болып табылғанымен, оның негізінде жаңартылатын шикізат қолданылады.

Ғылыми әдебиеттерде биологиялық ресурстарды жіктеудің бірнеше негізгі тәсілдері қалыптасқан. Шығу тегі бойынша олар ауыл шаруашылық, орман, теңіз, жануар текті және микробиологиялық ресурстар болып бөлінеді. Химиялық құрамы бойынша лигноцеллюлозды, ақуыздық, липидтік және полисахаридтік топтарға жіктеледі, бұл олардың өңдеу технологиясын таңдауда

шешуші рөл атқарады. Технологиялық тағайындалуына сәйкес биологиялық ресурстар энергетикалық, тағамдық, фармацевтикалық және материалдық бағыттарға бөлінеді. Өңдеу деңгейіне қарай бастапқы шикізат, өндірістік қалдықтар және қайта өңделген екіншілік ресурстар ретінде жүйеленеді. Осындай көпқырлы жіктеу тәсілдері биологиялық ресурстарды кешенді бағалауға және оларды тиімді пайдалану стратегияларын әзірлеуге негіз болады [3].

